



ЖЕЛЕГІ ЖАЙҚАЛҒАН ШАҒАР

4-БЕТ | АСТАНА – 25



БУРАБАЙДА СЕРВИС ҚАШАН ДАМИДЫ?

7-БЕТ | САРАПТАМА



ШЕТЕЛДІК КӨЛІК: ЗАҢДАСТЫРУ ТҮЙТКІЛДЕРІ

9-БЕТ | МӘСЕЛЕ

Мемлекет басшысы «Заңсыз иемденілген активтерді мемлекетке қайтару туралы» Заңға қол қойды. Заң нормаларына сәйкес қайтару тетіктері ірі сыбайлас жемқорлық субъектілеріне және әкімшілік-билік ресурстары (байланыстары, ықпалы) бар адамдармен сыбайлас олигополиялық топтарға қолданылады. Заң жауапты мемлекеттік лауазымды атқаратын (атқарған) субъектілерге, мемлекеттік заңды тұлғаларға, квазимемлекеттік сектор субъектілеріне, сондай-ақ аталған тұлғалармен аффилирленген субъектілерге қолданылады. Заң ережелерін қолдану үшін көрсетілген критерийлерге қосымша тұлғаларда Заңда белгіленген шекті сомадан – 13 млн АЕК-тен асатын (44 млрд 850 млн теңге немесе шамамен 100 млн АҚШ доллары) активтері болуға тиіс.

№82 (4515) Бейсенбі 13 шілде 2023 жыл



ASTANA



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

A Q S H A M Y

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



ЕЛІМІЗ ЕЛОРДАҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ


Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту жөнінде кеңес өткізіп, барлық мәселені жан-жақты ойластырып шешудің маңыздылығын атап айтты. «Ол үшін «Астананың мәртебесі туралы» заңға шұғыл түрде тиісті өзгерістер енгізу қажет. Заң арқылы әкімдіктің құзыреті мен жауапкершілігін күшейту керек. Астана тұрақты даму үшін оны тиімді әрі сапалы басқару қажет. Жалпы, Астананы өркендету үшін ең алдымен, әкімдік, кәсіпкерлер және тұрғындар арасында сенімді серіктестік орнату керек. Басты міндет – әрбір азаматтың тұрмыс сапасын жақсарту. Осыны дұрыс түсінген жөн» деді Президент.



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ЖУРНАЛИСТЕР

Кеше Музыкалық жас көрермен театрында Астана қаласы әкімдігінің тікелей қолдауымен ұйымдастырылып, елорданың 25 жылдық мерейтойына арналған республикалық БАҚ өкілдері байқауының жеңімпаздары марапатталды. Салтанатты шараға мемлекет және қоғам қайраткерлері, қала басшылығы, қалалық мәслихат депутаттары, қаламгерлер мен зиялы қауым өкілдері, байқаудың конкурстық комиссиясын құраған белгілі журналистер, медиасарапшылар қатысты.

12



Биыл тұрғындар үшін коммуналдық тарифтер 10 пайыздан 30 пайызға дейін өседі. Бұл туралы Премьер-министр Әлихан Смайылов мәлім етті. «Бұл – барынша ұстамды тариф, онсыз коммуналдық инфрақұрылымның сапалы жұмысын қамтамасыз ету мүмкін емес. Тариф мәселесінде біз барлық жақтың да мүдделерін ескеретін тең ортаны таба білуіміз керек. Яғни, саланы дамыту қажеттілігін де, халықтың мүмкіндігін де ескеруге тиіспіз» деді Ә.Смайылов. Сондай-ақ Үкімет басшысы станциялар, коммуналдық кәсіпорындар іс жүзінде 3 жылдан астам уақыт бойы табыссыз жұмыс істеп келгенін айтты.



Бүгінгі таңда тек Астанада ғана емес, Еуразия кеңістігінде аптап ыстық болып тұр. Осы жағдайға байланысты еліміздің Төтенше жағдайлар және Азаматтық қорғаныс органдары жұмылдырылған жұмыс тәртібіне көшті. Ауа температурасы +40 градустан асқан жағдайда созылмалы ауруы бар адамдарға ауыр тиіп отыр. Мұндай аптап ыстық қазіргі кезде Еуропа елдерінде де тұрақтап тұр. Еске салсақ, 2022 жылы Еуропа құрлығында болған рекордтық аптап ыстықтың салдарынан 61 мың адам қайтыс болғаны тіркелген.

№82 (4515) 13/07/2023 Бейсенбі

Төлең
ТІЛЕУБАЙ**БАС ЖОСПАРДА ХАЛЫҚ
ӨСІМІ ЕСКЕРІЛМЕГЕН**

«Елорда күн санап ұлғайып келеді. Тұрғындар саны айтарлықтай көбейді. Алдағы жылдары қала халқы 1,5 миллионға жетеді деген болжам бар. Бұдан да көп болуы әбден мүмкін. Бірақ қаланың бас жоспарында бұл жағдай толық ескерілмеген. Әрине, қаланың қарқынды дамығаны жақсы. Дегенмен қазір осы үрдіс әлеуметтік инфрақұрылымға зор салмақ түсіріп отыр. Әлі күнге дейін шешімін таппай келе жатқан мәселелер бар. Мұны жұрт біліп отыр. Сондықтан Үкімет те, әкімдік те соның бәрін шешу үшін жұмыла жұмыс істеуі керек. Бұл жұмысқа қоғам өкілдерін тарту қажет. Астананы көркейту, тұрмыс сапасын жақсарту – бәрімізге ортақ міндет» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысының айтуынша, мегаполис – еліміздің іскерлік, саяси және мәдени орталығы. Еліміздің барлық аймағы елордаға қарап бой түзейді, дамиды. Астана көптеген салада, соның ішінде азаматтардың өмір сүру сапасы бойынша да басқа қалаларға үлгі көрсетеді. Сондықтан қаланың тұрақты дамуына кедергі болып жатқан түйткілдерді шешу үшін мемлекеттік органдар тиянақты жұмыс істеуі қажет.

**ИНФРАҚҰРЫЛЫМ
ТАПШЫЛЫҒЫ
ТУЫНДАДЫ**

Мемлекет басшысы өткен жылыту маусымында қалада жылу қуатының тапшылығы қатты сезілгенін, қыс жылы болғандықтан, апаттан аман қалғанымызды қадап айтты.

«Ал қала басшылығы қалыпты жылумен қамтамасыз етуге дайын болмаса да, миллиондаған шаршы метр тұрғын үй салуды қолдап келеді. Қаладағы инженерлік инфрақұрылымның дамуы көбіне коммуналдық кәсіпорындарды басқаратын лауазымды тұлғалардың кәсібилігіне де байланысты. Жәніс Махмұдұлы, жыл басында сізге қаладағы коммуналдық мекемелердің басшылық құрамына талдау жүргізу тапсырылды. Байқауымыз, әзірге бұл тапсырма толық орындалған жоқ. Елорданың жылу электр стансасын заңгер, Астана аймақтық электр желілік компаниясын бағалаушы, «Астана жылу транзитін» агроном, қалалық су арнасы мекемесін зоотехник басқарады. Әркім өзі жетік білетін іспен айналысуы керек деп ойлаймын. Әйтпесе, жұмыстың нәтижесі тиісті деңгейде болмайды. Қала басшылығының таяз ойлауы және әрекетсіздігі салдарынан жаңа жылу көздерін, су құбырын, кәріз суын тазарту нысандарын «төтенше» режимде салуға мәжбүр болып отырмыз» деді Президент.

Мемлекет басшысы елордадағы инфрақұрылым нысандарының құрылысы өте баяу жүргізіліп жатқанын сынға алды. Қасым-Жомарт Тоқаев бір ай мерзімде №3 жылу-электр орталығының екінші кезеңі мен №3 газ қазандығының құрылысына қатысты біржақты шешімге келу жөнінде тапсырма берді. Негізгі міндет – Астананы кемінде алдағы 10 жылда сенімді жылу жүйесімен қамтамасыз ету.

«Үкімет барлық аймақтағы жылу маусымына дайындық жұмыстарын қатаң бақылауда ұстауы керек. 30 градус аязда жылуысыз қалған Екібастұз тұрғындарының оқиғасына қайта жол бермеуіміз қажет. Жаздың да тең жартысы өтті, алда уақыт көп емес. Сондықтан қаладағы барлық тиісті қызметтер қысқы маусымға сақдай сай болуы қажет. Күн суытқанша



ЕЛІМІЗ ЕЛОРДАҒА ҚАРАП БОЙ ТҮЗЕЙДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізді. Онда қаланың бүгінгі тыныс-тіршілігіне, болашақ дамуына қатысты көптеген өзекті, өткір мәселелер ортаға салынып, оны шұғыл шешудің жолдары қарастырылды. «Астана бас қала деген атауға лайық болуға тиіс. Астана көркейсе, бүкіл еліміздің еңсесі биік болады. Астана Әділетті Қазақстан құру жолында түбегейлі өзгерістерге ұйытқы болуы керек. Жалпы, қаланың күнделікті тыныс-тіршілігі ұдайы назарда болуға тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

бүкіл елдегі жылу көздері мен коммуналдық желілердің дайындығын пысықтау үшін барлық қажетті шараларды қабылдаған жөн. Бұл үшін орталық және жергілікті атқарушы органдар тиімді және үйлесімді жұмыс істеуі қажет. Сондай-ақ жылу стансаларының меншік иелері мен мердігерлер өз міндеттеріне жауапкершілікпен қарауы керек» деді Мемлекет басшысы.

Қасым-Жомарт Тоқаев елордадағы негізгі өзекті мәселелер қаланың дамуына қатысты тиісті жоспардың, яғни дұрыс жоспарлау жұмысының жоқтығынан туындап отырғанын мәлім етті. «Мұны ашық айтуымыз керек. Бақылаусыз жүргізіліп жатқан құрылыс, сападан гөрі санға мән беру және жан-жақты ойластырылмаған шешімдер қаладағы өмірлік маңызы бар инфрақұрылымның тапшылығына алып келді. Жағдайдың соншалықты мүшкіл болуына жауапты басшылардың біліксіздігі немесе бас пайдасын ойлағандығы себеп болды. Қала басшылығы құрылыс компанияларының пайдасын емес, мемлекет пен азаматтардың мүддесін бәрінен биік қоюға тиіс.

**ЖАУАПТЫЛАР ЖҰМЫСЫН
АДАЛ АТҚАРМАҒАН**

Мемлекет басшысы қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамытуға жауапты адамдардың қасақана зиян келтіргенінен күрделі ахуал қалыптасқанын ашық айтты.

«Жаздың басында су тапшылығы қатты сезілді. Бұған тұрғындар наразылық білдіргенін білесіздер. Тіпті, жолдарды бөгеп, митингке шықты. Бұл – елорда өмірінде болып жатқан келеңсіз оқиғалар. Ашығын айтсақ, қаланың инженерлік инфрақұрылымын дамытуға

жауапты адамдар жұмысын адал атқармаған. Бұл – нағыз салғырттық, соның салдарынан осындай күрделі ахуал қалыптасты. Мұны, тіпті, жұмысқа селқос қарау емес, қасақана зиян келтіру деуге болады. Себебі су, жылу, жарық – күнделікті тұрмыстағы аса маңызды қажеттіліктер. Бұл салада қателікке мүлдем жол беруге болмайды. Сондықтан, кінәлі адамдар тиісті жазасын алуы керек» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент қазір елорда Астана су қоймасына толық тәуелді болып отырғанын, су алатын басқа жер жоқтығын атап айтты. «Бұл – өте қауіпті. Кез келген сәтте оқыс оқиға болса, бүкіл қалаға қауіп төнуі мүмкін. Тұрғындар саны көбейіп, жаңа нысандар пайдалануға беріліп жатыр. Сондықтан, су қоймасының

қуаты алдағы бір-екі жылда сарқылып бітетіні анық» деп сөзін нақтылады Қасым-Жомарт Тоқаев.

Бұған қоса, Мемлекет басшысы Астана су қоймасының лайланып, ластанып жатқанын айтып, құзырлы министрлікке, жауапты мекемелерге тапсырма берді. «Мұны құзырлы министрлік білуге тиіс. Қойманың түбін тазалап, оны тереңдету керек. Астана су қоймасының бөгетін толық тексеріп, нығайту қажет. Оған Сәтбаев каналынан судың тұрақты келіп тұруын қамтамасыз еткен жөн. Осы шараларды дереу қолға алу керек. Қойманың техникалық жағдайын шұғыл ретке келтіру қажет. Бұл – өте маңызды мәселе. Астанада бұдан басқа су көзі жоқ. Ашығын айтсақ, мұндай ахуал көптен бері жалғасып келеді, яғни бұл

бір күнде пайда болған мәселе емес. Бұған дейін Экология министрлігіне қаланы сумен қамтамасыз ету үшін кешенді жұмыс жасау тапсырылды. Бірақ, әлі күнге дейін нақты нәтиже жоқ. Тіпті, осы мәселені шешуге қатысты тиімді ұсыныстар да жоқ. Тағы да қайталап айтамын: құзырлы министрлік нақты шаралар қабылдауға тиіс» деп ескертті Президент.

«Астананы ауыз сумен қамтамасыз ету мәселесін кейінге қалдыра беруге болмайды. Тиісті жұмыс атқарылмаса, мұны астыртын қарсылық білдіру деп түсінуге тура келеді. Ахуалды дереу түзеу қажет. Бас қаланы осындай жағдайда қалдырмаймыз. Үкімет әкімдікпен бірлесіп, келесі жылдан бастап Сәтбаев каналынан қалаға дейін құбыр тарту жұмыстарын қолға алуға тиіс. Сонымен бірге, Үкімет әкімдікпен бірге сумен қамтамасыз етудің баламалы жолдарын қазірден бастап қарастыруы керек» деп нақты тапсырмалар жүктеді Қасым-Жомарт Тоқаев.

**ҚАЛДЫҚ СУДЫ ТАЗАРТУ
– ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ**

«Қазір тазарту қондырғылары арқылы ағызылатын қалдық су

Есіл өзенін ластауда. Мұндайға жол беруге болмайды және ол өте қауіпті. Елордада экология талаптары қатаң сақталуға тиіс» деп мәлімдеді Мемлекет басшысы аталған жиында.

«Әкімдікке келесі жылдың соңына дейін қалдық суды жинақтайтын Қарабидайық көлін кеңейтуді тапсырамын. Қазір тазарту қондырғылары арқылы ағызылатын қалдық су Есіл өзенін ластауда. Үкімет осы ағызылатын қалдық судың көлемін нормативтік тұрғыдан реттеуі қажет. Елордада экология талаптары қатаң сақталуға тиіс. Сондай-ақ жауын-шашын болғанда көшелерді су басып кетеді. Бұл да өзекті мәселе болып отыр» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Ол тағы бір өте өзекті мәселе – қалдық суды тазартуға ерекше назар аударды. Қазір қалада бір ғана кәріз тазарту қондырғысы бар екенін, яғни оның жұмыс жүктемесі шамадан тыс болып тұрғанын ескертті.

«Бүгінде тәулігіне қосымша 140 мың текше метр суды тазарту қажет. Осындай екінші қондырғы үшінші сорғы-сүзгі стансасымен қатар салынуға тиіс еді. Үшінші сорғы-сүзгі стансасы пайдалануға берілейін деп жатыр. Ал кәріз тазартудың екінші қондырғысын жобалау жұмыстары әлі біткен жоқ. Жұмысты дұрыс жоспарлаудың кесірінен түйткілдер қордалана береді. Сондай-ақ келесі жылы төртінші сорғы-сүзгі стансасын салуға кірісу керек. Тельман елді мекеніндегі сорғы стансасынан техникалық су құбырын тартудың екінші желісінің құрылысын да бастау қажет» деді Президент.

«Кәріз жүйесі су ағынына төтеп бере алмайды. Жуырдағы жаңбыр кезінде осыған тағы бір мәрте көзіміз жетті. Жаңа нәсер кәрізінің құрылысы толық аяқталған жоқ. Әкімдік нақты шаралар қабылдауға тиіс. Жалпы, бас қаланы сумен қамтамасыз етудің және су тартудың тиімді жүйесін қалыптастыру өте маңызды. Бұл – тұрмыс сапасын жақсартуға қажетті басты талаптардың бірі» деп нақтылады ойын Мемлекет басшысы.



ҚҰРЫЛЫС ҚАРҚЫНЫ – ЖОҒАРЫ, САПАСЫ – НАШАР

Президент тұрғын үй құрылысы саласын реттеуге шақырды. Қазіргі таңда Астанада 10 миллион шаршы метрге жуық тұрғын үй салынып жатыр. Өкінішке қарай, құрылыс қарқыны жоғары болғанымен, сапаға көңіл бөліне бермейді. Бұл салада олқылықтар өте көп. Президент соларға нақты мысалдар келтірді.

«Қаланы көркейттіп, жұртқа қолайлы жағдай жасау басты назарда болуға тиіс. Алайда жекелеген құрылыс компанияларының мүддесі басым түсіп жатады. Қаланы дамыту ісінде бірізділік болмаған соң, орынсыз құрылыс көбейіп кетті. Әлеуметтік нысандар мен қоғамдық орындар болуға тиіс жерлерде тұрғын үй кешендері салынды» деді Қасым-Жомарт Тоқаев. Мемлекет басшысы бизнесті тексеруге салынған тыйымды желеу етіп, алаяқ құрылыс компаниялары да пайдаға кенеліп жататынына тоқталды.

«Құрылыс – экономиканың өте маңызды саласы. Бұған дау жоқ. Астанада құрылыс көп болғандықтан, қомақты қаржы бөлінетіні белгілі. Сондықтан, адал кәсіпкерлермен қатар, түрлі алаяқтар да пайда көріп қалуға тырысады. Кейбір компаниялар құрылыс жүргізуге рұқсат беретін құжаттары болмаса да, жұмыс істеп жатыр. Бизнесті тексеруге салынған тыйымды, яғни мораторийді желеу етеді. Сондай-ақ үлескерлерден заңсыз қаражат жинайды. Бұл – өте қауіпті үрдіс. Әкімдік құқық қорғау органдарымен бірлесіп, бұл үрдіске тосқауыл қоюы керек. Мұның бәрі жаңа проблемалық нысандардың пайда болуына әкеп соқтырады. Әкімдік көз жұмып отыра берсе, бұл мәселе ұшығып кетеді. Шенеуніктердің мұндай салғырттығы және жауапсыздығы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіруі мүмкін. Сондықтан, барлық салада, соның ішінде құрылыс саласында заң мен тәртіп болуға тиіс. Мен заңсыз құрылысқа жол бермеу үшін бақылауды күшейтіп, саланы реттеуді тапсырдым» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент биыл үлескерлері бар 16 үйдің құрылысын аяқтауды тапсырды. Сонымен қатар ескі және апатты жағдайдағы үйлерге қатысты проблемаға тоқталды. «Оң жағалауды – қаланың ескі бөлігін сақтауға және дамытуға тиісті деңгейде көңіл бөлу қажет. Оның өз харизмасы бар. Біз Астананы тең дәрежеде дамытуымыз керек. Инвесторлар апатты жағдайдағы ғимараттармен айналысуы қажет. Тұрғындарды басқа жаққа көшірсін. Босаған жерге жаңа нысандар салсын. Ал әкімдік оларға қажетті жағдайды жасасын. Инженерлік инфрақұрылымды дамытсын. Жолдар, әлеуметтік нысандар салып берсін. Осылай бірлесіп жұмыс істегенде ғана, ескі және апатты жағдайдағы тұрғын үй мәселесі шешімін табады. Сонымен қатар қаланың орталығы мен шет аймақтар арасындағы теңсіздікті жояды. Қаланың ескі бөлігінің сыртқы келбеті жақсарыды. Елорданың сол жағалауы ғана емес, барлық ауданы қолайлы болуы керек. Адамдардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін құрылыс саласындағы озық шешімдер бас қаланың барлық аймағында қолданылуға тиіс. Аспанмен таласқан биік үйлер, ауқатты кварталдар мен кедей аудандар, жартылай қираған ғимараттар – бұл біздің жол емес. Жағдайды «теңестіру» керек. Әділетті қоғам құру осындай ұстанымнан басталады» деді Президент.

СӘУЛЕТТІҢ БІРЫҢҒАЙ КЕЛБЕТІ ЖОҚ

Қасым-Жомарт Тоқаев елорда сәулетінің бірыңғай келбетін

қалыптастыру үшін нақты іс-шаралар қабылдау қажет екенін атап өтті. Оның айтуынша, салынып жатқан нысандар бір-бірімен үйлеспейді, ортақ стиль жоқ, эклектика басым. Елордада біркелкі әрі сүреңсіз «қорап-ғимараттар» қаптап кетті. Олардың сапасы көбіне сын көтермейді.

«Мыңжылдық аллеясының қалай салынып жатқанын қараңыздар. Ол әуелде ойлағандай елорданың көрнекті жерлерінің бірі болуға тиіс еді. Нәтижесінде, үйлерінің қасбеттері талғамсыз, алабажақ екі жұпыны көше пайда болды. Айналасы лас, егілген ағаштар шыбық күйінде құрап қалған, инженерлік инфрақұрылымының проблемасы шаш етекпен. Бұған қоса, осы аллеядағы жалғыз шағын саябақты үй салу үшін жекеменшік компанияға беріп жіберген. Бұл – мүлде шектен шыққандық. Бас жоспарда қарастырылған шағын саябақтарды қайтаруды және Мыңжылдық аллеясын жүйелі дамыту мәселесімен шұғыл айналысуды тапсырамын. Мен қаланы көгалдандыруға, оны абаттандыруға, саябақтарды дамытуға айрықша көңіл бөлемін. Бұл Астанаға ғана емес, барлық облыс орталықтарына және Алматыға да қатысты. Алматы секілді Астана да жасыл қалаға айналуы керек. Бейбітшілік және келісім сарайынан жаңа вокзалға дейін созылып жатқан елорданың стратегиялық осі үлкен әрі жайлы, жасыл желекті саябаққа айналуға тиіс. Германияда тіпті «бір мезгілде» принципіне негізделген «Көгалдандыру кодексі» қабылданған. Яғни, құрылысшы құрылыс алаңына тең жер учаскесін көгалдандыруға міндетті. Мұндай тәсіл жақсы жұмыс істейді» деді Мемлекет басшысы.



Қасым-Жомарт ТОҚАЕВ:
Қаланың ескі бөлігінің сыртқы келбеті жақсарды. Елорданың сол жағалауы ғана емес, барлық ауданы қолайлы болуы керек. Адамдардың жайлы тұрмысын қамтамасыз ететін құрылыс саласындағы озық шешімдер бас қаланың барлық аймағында қолданылуға тиіс.

сәйкес жүргізілуі керектігін баса айтты. «Негізінде, Торонтода, Оттавада климаттық аймақ Астанамен сәйкес келеді. Олар – жарасымды көрінетін жасыл қалалар. Канада тәжірибесін пайдалану керек. Мұнда құрылысшылардың өзін белсенді түрде тарту керек. Мысалы, Хельсинкиде құрылысшыларды құрылыстан кейін бірден іргелес аумақтарды көгалдандыруға міндеттейді. Дәл осы тәжірибені біз де қолдануымыз керек. Германияда тіпті «бір мезгілде» принципіне негізделген «Көгалдандыру кодексі» қабылданған. Яғни, құрылысшы құрылыс алаңына тең жер учаскесін көгалдандыруға міндетті. Мұндай тәсіл жақсы жұмыс істейді» деді Мемлекет басшысы.

КЕПТЕЛІСТЕН ҚАШАН ҚҰТЫЛАМЫЗ?

Кеңесте Президент көлік инфрақұрылымын дамыту мәселесіне айрықша көңіл бөлді. «Ірі қалада халықтың тұрмыс саласына қоғамдық көлік пен жол кептелісі тікелей әсер етеді. Сондықтан, көлік инфрақұрылымын дамытудың айрықша мәні бар. Жұырда Алматыға сапарым барысында қоғамдық көлікті және электронды билет сату жүйесін басқару орталығының жұмысымен таныстым. Бұл саладағы цифрландыру ісі өзінің тиімділігі жоғары екенін көрсетіп отыр. Сондықтан елорда әкіміне Алматының оң тәжірибесін ескере отырып, қоғамдық көлікті диспетчерлік басқару жүйесін қолданысқа енгізуді және дамытуды тапсырамын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Мемлекет басшысы LRT-ға қатысты жобаны дер кезінде аяқтауды қадап айтты. «Мен қаңтарда LRT-ға қатысты жұмысты тездетіп аяқтауды тапсырдым. Нақты мерзімдер

айқындалды. Тұрғындарға уәде берілді. Енді осы жобаны дер кезінде аяқтау керек. Бұл жұмысқа біраз қаражат бөлінді. Бірақ, нақты нәтиже жоқ. Көлік мәселесін шешуді соза берсек, қала кептелістен көз ашпайды. Бұл үлкен дағдарыс тудыруы мүмкін. Сондықтан, мәселені оңтайлы шешу қажет. Әйтпесе, экономикалық шығынға тап боламыз. Адамдар уақыт жоғалтады, қалаға экологиялық зиян келеді. Көлік саласындағы жағдайдың ушығуына көші-қон мәселесі де ықпал етіп отыр» деді ол.

КӨШІ-ҚОН ҮДЕРІСІН РЕТТЕЙТІН КЕЗ КЕЛДІ

Мемлекет басшысы елордадағы көші-қон үдерісін тиімді реттеу қажеттігін, яғни, пәрменді іс-шаралар қабылдау керектігіне назар аударды. «Жыл сайын Астанаға 50-60 мың адам келеді. Бұдан бөлек, күн сайын жақын маңдағы елді мекендерден 150 мың адам келіп кетеді. Мұның бәрі инженерлік және әлеуметтік инфрақұрылымға айтарлықтай салмақ түсіреді. Сол себепті, көші-қон үдерісін тиімді реттеу қажет, яғни, пәрменді іс-шаралар қабылдау керек. Негізінен, көп адам қалаға жақын жерлерден жұмыс істеуге келеді. Сондықтан бұл саланы нақты реттеп, бақылау күшейтілуі тиіс» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сондай-ақ Үкіметке Астана қаласы, Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, елорда агломерациясын дамытуды ойластыру жөнінде тапсырма берілді. «Үкімет Астананың, Ақмола және Қарағанды облыстарының әкімдіктерімен бірлесіп, елорда агломерациясын дамытуды ойластыруы керек. Арнайы құжат қабылдау қажет. Онда тұрғындардың пікірі және қалаға қатысты мәселенің бәрі

ескерілуі тиіс. Сондай-ақ Астананың, жақын маңдағы облыстардың әкімдіктері, мәслихаттары және қоғамдық кеңестері арасында өзара тиімді қатынас орнату маңызды. Елорда және оның төңірегінде орналасқан елді мекендер біркелкі дамуы керек. Олардың арасында көп айырмашылық болмауға тиіс. Сол үшін нақты шаралар қабылдаған жөн. Бұл, әсіресе, әлеуметтік салаға қатысты мәселе. Бір сөзбен айтқанда, бас қала маңындағы елді мекендерді көркейтеу қажет. Олар өмір сүруге барынша қолайлы болуға тиіс» деді Мемлекет басшысы.

ӨМІР САПАСЫ АРТУҒЫ ҮШІН...

Бұдан бөлек, Президент елорда халқының тұрмыс сапасын үздіксіз арттыру қажеттігіне тоқталды. Президенттің пайымдауынша, Астананың барлық тұрғындарына қала инфрақұрылымы, атап айтқанда, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет және спорт, сондай-ақ саябақтар мен қоғамдық орындар секілді нысандар тең дәрежеде қолжетімді болуға тиіс.

«Емханалардағы кезектің көптігіне және жеке клиникаларда көрсетілетін қызметтің қымбаттығына байланысты адамдар соңғы сәтке дейін дәрігерге қаралмайды. Мұның бәрі қала тұрғындарының денсаулығына кері әсерін тигізеді. Жағдайды түзеу үшін елордада үшінші көпбейінді аурухана салу жөніндегі ұсынысты қолдау маңызды деп санаймын. Сапалы білім беру қызметінің қолжетімді болуы аса маңызды. Астанада баланы мектепке немесе балабақшаға орналастыру әлі де өзекті мәселе болып отыр. Көптеген мектепте оқушылар саны жоспарлы межеден артық. Шыны мәнінде, үш ауысымды оқыту жүйесі сақталып отыр. Бұған жол беруге болмайды. Қалада жаңа білім беру мекемелерінің құрылысына басымдық беру қажет. Сондай-ақ 15 қосымша білім беру нысаны салу керек. Астанада білікті ұстаздардың тапшылығы ерекше сезіледі. Жыл сайын бір мыңға жуық мұғалім жетіспей жатады. Сондықтан елорда педагогикалық жоғары оқу орнын ашу туралы ұсынысты қолдаймын» деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

ИНТЕРНЕТТЕ ІРКІЛІС БОЛМАУ КЕРЕК

Президент қазіргі цифрлық өркениет пен білім экономикасы жағдайында интернетке қолжетімділік адамның, әсіресе қала тұрғынының негізгі қажеттіліктерінің біріне айналып отырғанын атап өтті. «Алайда елордадағы интернет пен ұялы байланыс тұрақтылығы сын көтермейді. Бұл тұрғындар үшін қолыңыз жағдай тудырып қана қоймайды, сондай-ақ қала

экономикасына едәуір шығын келтіреді. Астана қонақтары үшін өте жағымсыз әсер қалыптастырады» деді Мемлекет басшысы. Астанадағы интернет сапасын сынға алып, Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусиннен мәселені қалай және қашан шешетінін сұрады.

«Біз есеп жүргізіп, нәтижесінде интернет жылдамдығы нашар 67 орынды анықтадық. Ол жерлердің тұрғындарымен де кездестік. Онда үйіңіз төбесіне станса орнатудан қорқатын радиофобтар тұрады. Әкімдік 60 тұрғын үй бойынша түсіндіру жұмысын жүргізуге көмек көрсетті. Қазіргі таңда осының ішінде 33 үй шатырына базалық станса орнатуға келісті. Нәтижесінде оның бесеуіне қажетті құрылғы орнатылды, алтауына орнатылып жатыр. Қалғаны бойынша келісімшарт дайындалу үстінде. 28 үй бойынша 3 ай бойы жұмыс істеп келеміз, олар келісім бермей отыр. Тұрғындарға стансамен денсаулыққа ешқандай зияны жоқ екенін түсіндіре алмай келеміз» деді министр. Оның айтуынша, заң талабына сай егер тұрғын үйінің төбесіне базалық станса орнатуға қарсылық білдірсе, онда құрылғы алынып тасталады.

Министр келтірген мәлімет бойынша жылына осындай 150 станция алынады. «Осы мәселеден кейін заңға өзгерту енгізуді жоспарлап отырмыз. Оған сай тұрғындардың 50 пайызы станса орнатуға қарсы болса ғана оны алып тастаймыз. Ал екінші мәселе – тарифтердің төмендігі. Қолданушылар интернетте көп отырады, тиісінше ол жүйеге көп салмақ түсіреді. Мәселен, шетелдіктер қандай да бір материалды ашпаса бұрын «Бұл мен үшін пайдалы ма, жоқ па?» деп ойланады. Өйткені оны қараса, көп мегабайты кетеді» деп түсіндірді Бағдат Мусин. Министрден кейін аталған сауалға жауап берген елорда әкімі Жеңіс Қасымбек интернет сапасына қатысты мәселе қазан айына дейін 60-70% шешіледі деп сендірді. «Негізінен осындай орындардағы тұрғындардың 90 пайызы келісім берді. Тек 3-5 адамның қарсылығы қолбайлау болып отыр. Тиісінше станция орнатуға рұқсат беруге ниетті адамдар осындай тұрғындардың кесірінен осы мәселеге тап болып жатыр» деді әкім.

«Елорданы дамытуға қатысты барлық мәселені жан-жақты ойластырып шешу маңызды. Ол үшін «Астананың мәртебесі туралы» заңға шұғыл түрде тиісті өзгерістер енгізу қажет. Заң арқылы әкімдіктің құзыреті мен жауапкершілігін күшейту керек. Астана тұрақты даму үшін оны тиімді әрі сапалы басқару қажет. Әкімге қаланың ахуалын жақсы жағына қарай өзгерту үшін бір жыл уақыт беремін. Сіздің жұмысыңыз менің бақылауымда болады. Барлық қажетті көмекті көрсетеміз. Бірақ жұмыстың негізгі өзегі – сіздің қолыңызда. Табыс тілеймін! Жалпы, Астананы өркендету үшін, ең алдымен, әкімдік, кәсіпкерлер және тұрғындар арасында сенімді серіктестік орнату қажет. Басты міндет – әрбір азаматтың тұрмыс сапасын жақсарту. Осыны дұрыс түсінген жөн» деп сөзін түйіндеді Мемлекет басшысы.

Жиында Астана қаласының әкімі Жеңіс Қасымбек, Премьер-министрдің бірінші орынбасары Роман Скляр, Ақмола облысының әкімі Ермек Маржықпаев, Экология және табиғи ресурстар министрі Зұлфия Сүлейменова, Ауыл шаруашылығы министрі Ербол Қарашөкеев, сондай-ақ Цифрлық даму, инновация және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Бағдат Мусин сөз сөйледі.

Кеңестен кейін Мемлекет басшысына Астана қаласын дамытудың Бас жоспары таныстырылды.





Диас ИБРАЕВ,
Астана қаласындағы
І.Есенберлин атындағы
№67 гимназия түлегі,
«Алтын белгі» иегері:

ДИМАШПЕН БІР САХНАДА ӨНЕР КӨРСЕТТІМ

– Астана менің көз алдымда өсті. Астанамен бірге мен де өстім. Білімге алғашқы қадамымды да осы қалада бастым. Мектепке барып, білім алғанымның арқасында 4 тілді жетік меңгеріп, «Алтын белгі» иегері атандым. Әрқашан қатарымның алды болып, үздік оқуға талпындым. Музыка мектебін үздік бітіріп, қолымдағы домбыраммен Қазақстанның танымал жұлдыздарымен Астананың бүкіл сахнасында өнер көрсеттім. Атап айтқанда, Димаш Құдайбергеновтей мегажұлдызбен бір сахнада өнер көрсету – мен үшін зор мәртебе. Роза Рымбаева, Бибігүл Төлегенова және басқа да танымал әншілермен сахнада үзеңгілес болдым. Ресейге барып, өз ғылыми жобамды қорғап, еліміздің атын шығарып келдім. Спорттағы жетістіктерім де аз емес, карате мен шахматтан да талай жеңіске жеттім. 2017 жылы «Республика мақтанышы», осы жылы «Елорда мақтанышы» атандым. Бір сөзбен айтқанда, ата-анам, ұстаздарым үміт күткеніндей, «сегіз қырлы, бір сырлы» болуды мақсат тұттым. Қазіргі таңда мен Түркияға оқуға кетіп барамын. Түркия – Азия мен Еуропаны байланыстыратын көпір, ал менің таңдаған мамандығым – әлемдік экономика, әлемдік сауда болған соң, Түркияны таңдадым. Оқуым біткен соң еліме оралып, Астананы да әлемдік нарықтың орталығы етуге атсалысатын боламын.

Астананың менің жүрегімде орны бөлек, өте ерекше. Мен 10-ға жуық елді араласам да, Астанадай тартымды қаланы көрмедім. Астана маған білім алуға, рухани дамуға, достарымды табуға, бақытты болуға көптеген мүмкіндіктер сыйлады. Сондықтан, осы қаланың өркендеуі үшін өсіру, әлемнің орталығы ретінде гүлденуіне атсалысу, ұрпақтан ұрпаққа асыл мұра ретінде қалдыру ізгі мақсатым деп білемін.

Елордаға тілейтінім – бір орында тоқтамай, Қазақстанның жастары үшін жетістікке апарар жол болып, осындай жылдам қарқынмен биікке өрлей берсін деймін!



ЖЕЛЕГІ ЖАЙҚАЛҒАН АСТАНАНЫ КӨРГІМ КЕЛЕДІ

Қазақстанның Еуропа құрлығындағы негізгі сауда және инвестициялық серіктестерінің бірі – Ұлыбритания. Өткен жылы елдер арасындағы тауар айналымы 60 пайызға өсті. Сонымен қатар бұл ел Қазақстанның ең үздік 10 инвесторының қатарына кіреді, соңғы 8 жыл ішінде республикаға шамамен 16,5 млрд АҚШ доллары көлемінде тікелей инвестиция салынған. Жалпы қос ел барлық бағыттар бойынша өзара іс-қимылды одан әрі тереңдетуге ниетті. Сол қарым-қатынастар және Астананың 25 жылдығы тұсында елорданың дамуы туралы пікірін білуге Ұлыбританияның Қазақстандағы Төтенше және өкілетті елшісі Кэти Лич ханыммен сұхбаттасқан едік.

– Кэти Лич ханым, өзара ынтымақтастық орнатқалы бері Ұлыбритания мен Қазақстан орнықты әрі берік қарым-қатынастың негізін қалады. Соның ішінде қандай салалардағы бірлескен жұмыстарды атап айтар едіңіз?

– Ұлыбритания мен Қазақстан арасындағы 32 жылдық ынтымақтастықтың алтын діңгегі – екі жаққа да зор мүмкіндіктер ұсынған білім саласы. Біз осы ретте Ғылым және жоғары білім министрі Саясат Нұрбекпен университеттер арасындағы жаңа серіктестікті дамыту жұмыстарын бірлесіп жүргізімізге өте қуаныштымыз. Мәселен, былтыр Алматыда Де Монфор университетінің британдық кампусын алғаш рет ашуымыз үлкен жетістік болды. Биыл қыркүйек айында шотландтық инженерлік Negot-Watt жоғары оқу орнының Ақтөбе университетімен әріптестігіне негіз қалаймыз. Білім саласынан бөлек, тағы екі бағыт бар. Атап айтсақ, энергетика саласы біздің британдық компаниялармен, мұнай газ флаамандық жобаларының негізгі инвесторларымен ынтымақтастықтың негізгі бөлігі саналады. Соған қоса қазіргі таңда біз жасыл энергия, аккумулятор технологиясы мен басқа да жоғары технологиялы салалар үшін қажет ынтымақтастықты орнатуға мүдделіміз. Екі ел арасындағы экологиялық таза сутегі мен аса маңызды минералды шикізатты дамыту саласындағы стратегиялық әріптестік туралы меморандумдарға қол қойылды. Сонымен қатар Қазақстан мен Ұлыбританияның геологиялық қызметтері арасындағы байланысты нығайтып, алдағы зерттеулерімізге тың серпін береміз деген үміттеміз.

– Қазақстандағы жалпы тауар айналымының құрылымында Ұлыбританияның үлесі – 1,1%, экспорт құрылымындағы үлесі – 1,2%, импорт құрылымындағы үлесі – 0,9%. Екі елдің негізгі импорттық және экспорттық тауарларының қатарына қандай өнімдер кіреді?

– Ұлыбританиядан Қазақстанға импортталатын тауарлардың негізгі санаты – автокөліктер мен басқа да моторлы көліктер. Негізгі импортқа сондай-ақ этил спирт, өндірістік құрылыстар, электр аспаптары мен аппараттары бульдозерлер, дәрі-дәрмектер, сорғылар мен сұйықтықты көтергіштер, крандар мен клапандар жатады. Инвестициялардың ең көп көлемі кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет саласына түседі. Британдық инвесторлар үшін алғашқы үш бағыт

мемлекеттік басқару, қорғаныс және міндетті әлеуметтік қамсыздандыру, сондай-ақ қаржы және сақтандыру қызметі болды.

– Еліміздің Астанасы биыл 25 жылдығын атап өтеді. Өзіңіз елші болып тағайындалғаннан кейін елордаға 2021 жылы тамыз айында келдіңіз. Астананың дамуы, сәулеті, мәдениеті, өркендеу жолдарын қалай бағамдар едіңіз?

– Астана – қала ретінде таңғажайып жетістіктер нәтижесін көрсеткен шаһар. 25 жылда осыншама көп жұмыс атқарылғанына қазір айтсаң, біреу сенсе, біреу сенбес. Біз үшін «Хан Шатыр» мен «Пирамида» және басқа да ғажайып ғимараттардың жобасын жасаған британдық сәулетші Норман Фостер екені – зор мақтаныш. «Нур Әлем» музейі де сәулетімен тамсандырады. «Астана Опера» мен «Астана Балет» мәдени ошақтарының ғимараттары да теңдессіз сұлулығымен көз тартады. Мұнда классикалық шығармалар негізін сақтай отырып, өнер ұжымдары заманауи тамаша қойылымдарды сахналайды.

Жеке өзім үшін Астанада қатты ұнайтын екі жер бар. Мен қалада Президенттік парк жанында тұрамын. Маған осы парктің жобасы ерекше ұнайды, яғни саябақтың қалай жобаланғаны қызықтырады. Әр барған сайын өзіме жаңа бір дүние табамын. Қалған парктердің бәрі сондай болуы керек. Сонымен қатар мен тұратын жерден Ұлттық музей ғимараты да көрініп тұрады, оның көк тіреген төбелері тауларға ұқсайды немесе тау сағалай аққан булаққа да келеді.

Елордада маған ұнайтын тағы бір орын – оң жағалаудағы Концерттік зал мен Целлиниктер кафесі. Мұнда жеңіл тамақтанып алған бойда немесе концерттен шыққаннан кейін бірден өзен жағалауына серуендеп кете беруге болады. Өзен жағалай қыдырып жүргенде ерекше бір жайбарат тірлікті, адамдардың достығы мен мейірімін сезінесің, бұл маңда жарқын жүзді жастар мен кішкентай бөбектерін ерткен жас отбасылар өте көп жүреді.

– Әлемдік экономиканың болашағы туризммен анықталады. Екі ел арасындағы туризм саласы қалай дамып, өзара ынтымақтастыққа қандай әсерін тигізіп отыр?

– Елдер арасындағы қарым-қатынасқа оң әсер ететін сала – әрине, туризм. Себебі бұл түрлі мемлекеттердің адамдарын өзара жақындастырып, оларға басқа елдің ең жақсы тұстарын көруге септік етеді. Өткен жазда мен балаларыммен Алматы маңайындағы

көлдер мен таулар жанында тамаша демалыс өткіздім. Басқа да британдық саяхатшылардың Иордания сияқты шөлдерден Швейцария сияқты тауларға дейінгі ландшафтары бар Қазақстан деген елге турист болып келгенін қалар едім.

– Елорданың бүгінгі дамуында өзіңіз байқаған қандай кемшіліктерді атап айтар едіңіз?

– Астанаға қазіргі таңда не жетіспейді? Менің ойымша, халықты қала орталығына жеткізуде қоғамдық көлікпен тұрақты тасымалды қамтамасыз ету керек, әрбір ірі қалада қоғамдық көліктердің озық жүйесі қалыптасуы тиіс. Сонымен қатар қалдықтарды жинақтауда тәртіп керек, бөтелкелер, банкалар мен қағаздар және пластиктерді Еуропадағыдай жою жолын енгізгенін қалар едім. Сондай-ақ егде адамдар мен балалар көлеңкеде демалуы үшін ағаштар мен парктерді көбейтсе, керемет болар еді. Мәселен, Талдықөнде тағы бір тамаша табиғи парк ашылса ғажайып қой.

– Урбанизация үрдісінде сіздің елдегі үлкен шаһарлардан жас елорданың нені үйренуіне болады?

– Тағы қайталап айтамын, дамыған елдердің астаналарынан алар өнегеміз – олардың қоршаған ортаға, яғни ауа мен судың тазалығына, көгалдандыруға, қала ішінен үлкен парктер ашуға басты назар аударатындығы. Ал жаппай құрылыс сала беру – үлкен қателік. Астана қаласын ұзақмерзімді перспективада өмір сүруге жайлы ету үшін жасыл көшеттерді көптеп отырғызуға көңіл бөлу керек. Адамдар өз потерлерінен тыс көк шөпке аунап, балаларымен табиғат аясында ойын ойнап, таза ауа жұтатындай парктерге тез бара қою мүмкіндігі болғанда ғана өзін бақытты сезіне алады. Мысалы, Нью-Йорктегі Орталық паркті, Лондондағы Гайд-парк, Сент-Джеймс-парк немесе Риджентс-паркті алыңызшы. Бүгінде қала тұрғындарына керемет демалыс сыйлатын бұл кеңістіктер, Құдайға шүкір, кезінде құрылыс салуды көздеген жобалаушылардың қолынан аман қалған. Міне, қаланы ерекшеліктін және оның бүкіл қан тамырына жан бітіретін – осындай парктер.

– Астанадан алған алғашқы және кейінгі әсеріңізбен бөліссеніз? Елордалықтар сіз үшін несімен ерекше?

– Мені Астанада бірінші таңқалдырған дүние ол – сан мыңдаған жұлдыздардай жарқыраған түнгі қала болды, әдемі ғимараттардың түндегі жарығы қаланы ерекше бір сиқырға бөлейді. Ал жақында таңқалуыма себеп болғаны – өткен демалыста ғана Триатлон

паркте ұйымдастырылған Iron Man жарысы болды. Қазақстан азаматтарының аталған спорт түрі бойынша жарысқа осыншама белсенділікпен қатысып, оларды отбасыларының ерекше қолдап келіп тұрғанын көріп, қатты риза болдым. Жалпы алғанда, елордадағы халықтың өзара достығы мен татулығы – мұндағы қауіпсіздіктің жоғары деңгейі шетелдіктерді өзіне тартатын басты ерекшеліктерінің бірі. Өз басым, жалғыз серуендегенді ұнатамын, жиі такси ұстап, дүкендер аралаймын, сол кезде қаладағы қауіпсіздік пен адамдардың мейірімділігінен өзімді жайлы сезінемін.

– Қазақтың қандай салт-дәстүрімен таныстыңыз, мемлекеттік тілді үйренуге талпына бердіңіз бе?

– Өткен аптада ғана Қазақстанға келгені бірінші рет шақыртумен қазақша тойға барып қатыстым. Маған асабаның той басқарудағы шеберлігі, тойда айтылған тілектер мен ойындар қатты ұнады. Тіпті алып аюлар мен бейлейтін брейк-данстар да тойдың сәнін келтірді. Тойда бәрі қазақша сөйлетсе. Мен барынша олардың сөзін түсінуге тырысып бақтым, қазақ тілі – өте әдемі және күрделі тіл. Қазіргі таңда арнайы оқытушы жалдап, қазақ тілін үйреніп жатырмын. Біртіндеп толық меңгеріп кетемін деп сенемін.

– Елорданың қай жыл мезгілі ұнайды?

– Ауа райына келсек, Астанада алты ай қыс жататыны, суық маусымы ұзаққа созылатыны қиындау. Алайда мұндағы қыстың басым бөлігі шуақты болып тұрады. Қар жаңадан жауып, әрі сол кезде аспан да ашық болып, жарқырап тұрса расымен әдемі емес пе? Ал жазда күн ашық, ауа райы жылы болады. Ұлыбританияда бұл маусымда ауа райы өте құбылмалы. Астанада тек көктем мен күздің тым қысқа уақытта өтіп кететіні ғана сөз ұнамайды. Ұлыбританияда көктем менің ең сүйікті мезгілім десем болады, себебі ол жақта менің бау-бақшам бар, сондағы нәркес пен қызғалдақтар көктемде гүл ашып, құлшырады.

– Астананың 25 жылдығына қандай тілек айтар едіңіз?

– Астана мен оның тұрғындарына мерейтой аясында бар жақсылықты тілеймін. Ағылшын тілінде: «Біз баяғыда егілген ағаштардың саясында демаламыз» деген нақыл сөз бар. Ал қазақтар: «Артында мал қалғанша, тал қалсын» дейді. Бұл біздің ата-балаларымыз болашақты болжағыш, көреген болғанын білдіреді. Келешегін ойлаған ел болашақ ұрпақтары үшін парктер мен театрлар, университеттер мен қоғамдық орындар салады. Сондықтан да мен Астанада бүгінгідей өсу қарқынымен бірге шаһардың тамаша тарихы қалыптасып, сонымен бірге келер ұрпақ қамы үшін ғажайып ағаштар өсіріліп, түрлі керекті ғимараттар салына берсе деген тілегімді білдіргім келеді.

– Сұхбатыңызға рахмет!

Сұхбаттасқан
Раихан РАХМЕТОВА

ЕЖЕЛДЕН-АҚ АҚМОЛА ЕЛ КІНДІГІ...

Польша ұлт-азаттық көтерілісіне қатысушы, поляк революционері Адольф Янушкевич 1843-1848 жылдары Қазақ даласында айдауда болды. Адольф 1843 жылы маусымдағы алғашқы сапарынан бастап далаға қатты құмартады. Мұндай сапарларға ол жиі-жиі шығып тұрады.

1846 жылы генерал Вишневский басқарған экспедиция құрамына еніп, Омбыдан шығандап, қазақ даласына келеді. Теріскейден күнге дейін жүріп өткен ол қазақ даласының кіндік жұрты Қараөткел екенін қапысыз таныды.

1848 жылы 31 мамыр күні інісіне Аягөзден жолдаған хатында ол алдымен Аягөз шаһары туралы айта келіп, «Ақмола, мәселен, бүкіл қазақ даласының болашақ астанасы» деп тұжырым жасайды. «Осы далада ғана, шамасы, Солтүстік Америка Құрама Штаттарындағыдай құбылысты байқауға болар. Халқы тым көбейіп кеткен ескі Еуропаға бейтаныс бұл құбылыс – жаңа елді мекендердің тууы немесе жерді жарып шыға-шыға келетін саңырауқұлақтар тәрізді жыпырлап өсуі. Ақтау, Атбасар, Көкпекті, Құсмұрын – осының бәрі менің көз алдымда туып-өскен мекендер» деп жазады А.Янушкевич.

Әйгілі орыс саяхатшысы, этнограф, фольклорист және публицист Григорий Николаевич Потанин (1835-1920) – қазақ халқының үлкен досы. Ұлт тарихы мен мәдениетіне өлшеусіз үлес қосқан



Потаниннің атасы Илья Абылай ханмен хат алысып тұрған ірі мал саудагері болатын. Ал әкесі Николай географияны, әскери тарих пен ішкі саясатты ерекше білетін сауатты адам екен. Ол Шыңғыс Уәлихановпен тамыр болса, Григорий мен Шоқанның достығы аңызға айналды.

«Қазақты аутономия қылсақ, Қараөткел Алаштың ортасы, сонда университет салып, қазақтың

ұлын, қызын оқытсақ, «Қозы-Көрпеш – Баянды» шығарған, Шоқан, Абай, Ақымет, Міржақыпты тапқан қазақтың кім екенін еуропа сонда білер-ау» дейтін Г.Потанинді Алаш арыстары қатты құрметтеген.

Алаш арыстары ардақ тұтқан Г.Потаниннің Ақмоланың келешегі жайлы сұңғыла пікірін Алашорда көсемі Әлихан Бөкейхан айтты деп адасып жүргендер көп. Анығында бұл сөзді Потанин айтты деп Ә.Бөкейхан өзінің «Григорий Николаевич Потанин» атты мақаласында жазып қалдырған болатын. Демек, Ақмола қаласының болашақ астана болатынын қуаттаған ой Ә.Бөкейханның көкірегінде де сайрап жатқан.

1920 жылдардағы республика астанасын Орынбордан қалың қазақ елі ішіне көшіруге қатысты қызу айтыс-тартыстарда Әлихан Бөкейхан бастаған Алаш зиялыларының ой-пікірінен кейін Смағұл Сәдуақасов, Ә.Байділдин секілді қайраткерлер «бұрынғы Ақмола қаласы елордасы болса екен» деп ұсыныстар жасап, қолдаған.

Ғұлама ғалым Қаныш Сәтбаевтың ұлт тарихындағы орны айрықша. Оның негізгі ғылыми еңбектері кентасты кендер геологиясы мен Қазақстанның минералды ресурстарына арналған. Жезқазған кенін зерттеу және Ұлытау, Сарыарқаның металлогендік және болжам карта-

сын жасауда өлшеусіз еңбек сіңірді. Ең ғажабы, ғалым Ақмола қаласын болашақ астана ретінде көргісі келетінін айтқан екен.

1946 жылы Қазақ КСР Ғылым академиясын құрғаннан кейін оның көшпелі сессиясын 1948 жылы Қарағандыда өткізеді. Онда ол Алаш арысы Ә.Бөкейханнан кейін қазақ елінің астанасын республикамыздың орталығына көшіру туралы алғаш рет үлкен мінберден ұсыныс жасаған. Ұлт зиялыларының болашақ астана жайлы ойлары осылай үндесіп отырғанын байқаймыз.

Қазақтың классик жазушысы Оралхан Бөкей «Қазақ әдебиеті» газетіне 1992 жылы 17 шілдеде «Президенттің бір аптасы» эссесін жариялайды. Алматы – Ақмола – Мәскеу – Хелсинки – Алматы бағытында жүріп қайтқан жолсапар жазбасында Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың ел болашағы, қоғам тағдыры және Қазақстанның халықаралық беделі жайлы қызықты деректер береді. Ақмоланың киелі жерлеріне тәу ету, тағдырлы тұлғалары турасында ел басшысының білімділігіне қайран қалған жазушы «Үлкен сапар Ақмоладан басталды. Көңіліме түйгенім: алдағы халықаралық үлкен кездесулерге барар жолында Президент аруақты жер Сарыарқаға арнайы бұрылып, атажұртқа тәу еткені, батырлар бас қосқан жерге табанын тигізіп, рухани қуат, медет алғаны еді» деп толғанады. Астарға толы, ишарасы мол танымдық материалдың соңы «Осы жеті күнде Президент Нұрсұлтан Назарбаев жер шарының жартысын аралап шықты дегуге болады. Қай жерге барсақ та сол жерден Қазақстанның күн аркалап салынған қыран құсы бар көк туын көрдік. Құдай-ау, бізді де әлем тани бастаған, әлем мойындай бастаған, егеменді ел болдық-ау, ұзағынан сүйіндірсін деп тіледік» деп аяқталады.

1992 жылғы 18 қыркүйекте О.Бөкей басқаратын «Қазақ әдебиетінде» «Астананы Ақмолаға көшірсек» атты бас тақырыппен үлкен мақаланың жариялануы жазушының Ақмоланың астана болатынына сенген қапысыз көңілін білдіреді.

Заңғар КӘРІМХАН,
алаштанушы



Аружан ЕСЕНГЕЛДІ,
Фариза
Оңғарсынова
атындағы
№77 мектеп-
гимназия түлегі,
«Алтын белгі» иегері:

ЖАСТАР СҮЙЕТІН ШАҒАР

– Мен үшін Астана, ең алдымен, шексіз мүмкіндіктер мекені және асқақ армандар мен биік мақсаттардың алтын кілтін дер едім. Болашағын елордамыз Астанамен байланыстырған адамның алдынан екі бірдей есік ашылады: бірі – ғылым-білімге деген, келесісі – жаңа орта, жаңа мүмкіндіктер мен жаңа идеяларға толы жарқын болашаққа деген бастау. Бұл үлкен қалада үнемі қайнаған тіршілік, айналанда жанталасып-жағаласып жүрген бір адам, яғни бәсекелестік өте жоғары, ал бәсекелестік бар жерде ғана алға жылжуға, дамуға мүмкіндік бар.

Мен жақында ғана әсем Астанамыздың дәл ортасындағы мектеп-гимназияны «Алтын белгімен» бітірдім. Кішкентай кезімнен жан-жақты бала болдым, әрқашан өзімді барлық мүмкін салаларда сынап көруге тырыстым. Мен жүзумен, мәнгерлеп сырғанаумен айналысамын, музыкалық аспаптардан – фортепианода ойнап, ән айтамын. Ағылшын тілін үйреніп, еріктілер қатарында екпінді болдым. Сондай-ақ тағы бір хоббиым – тігін тігу. Өсе келе мен гуманитарлық бағытқа бейім екенімді түсіндім де, мектепте гуманитарлық пәндерге байланысты олимпиадалар мен жарыстарға, эссе жазу, ғылыми жобалардан жарыстарға қатысып, жеңімпаз атандым. Әрине, менің жетістіктеріме және азамат ретінде қалыптасуыма мектебім ықпал етті, сондықтан мен Астанада мектепті бітіргеніме өте қуаныштымын, енді оқуымды әсем елордада жалғастырмақпын.

Астана – үлкен мүмкіндіктер қаласы, елордамыз жылдан-жылға көркейіп, тұрғындарына, әсіресе, ел болашағы – жастарға бұдан да көп мүмкіндіктер беретініне сенімдімін.



АРҚАНЫҢ АБЗАЛ АРУЫ

Қызмет бабымен жүргенде әртүрлі азаматтармен кездесеміз. Олардың әрқайсысын өзіңше бағалайсың. Біреулері қызметіңді сыйласа, ал біреулері сенің адамгершілігіңді сыйлап, қызметтің қай дәрежесінде жүрсе де сенімін, көзқарасын өзгертпей жүреді. Кісілігімен өзіңді баурап алады. Сондай замандасымның қатарына Светлана Жақияқызы Жалмағамбетованы айтар едім. Светлана қарындасымыздың еңбек жолына қарап отырсаң, қырық жылдан астам уақытта қатардағы инженерден бастап түрлі қызметте болса, соның денін Ақмола қаласында атқарған. Парламент депутаты болып та сайланды.

1998 жылы еліміздің астанасы Ақмолаға көшкенде тақыр жерге келген жоқ қой. Бұл қалада көршілес қалалар сияқты әлеуметтік-экономикалық жағынан дамып жатты. Сөздің реті келгенде айта кетейін, кейбір зиялы қауым өкілдері қаламызға теріс пікір білдіргілері келеді. Мәселен, газеттен бұрын жоғары дәрежелі қызметте болған бір азаматтың «Мен Ақмолаға алғашқы рет келгенде ит байласа тұратын жер емес сияқты болып көрінді» деген сөздерін оқыдым. Міне, біздің ел басқаруға қатысы бар адамның сөз саптауы осылай болды. Бұл

кісіге айтарым: бұл қаланың қысы қатал, тұрғындары бауырмал дер едім. Осындай қаламыздың облыс орталығынан ел астанасына айналуы кезеңінде осы Светлана Жақияқызы секілді қайраткер азаматтарымыз үлкен еңбек сіңірді.

Светлана Жақияқызы «Целиноградсельмаш» сияқты үлкен зауытқа инженер болып орналасып, қалалық партия комитетінде, қаланың Ленин, Совет аудандарында жауапты қызметтер атқарып жүргенде қаланың өсіп-өркендеуіне беріле қызмет атқарды. Одан облыстық дәрежедегі қызметке ауысқанда да



қаланың проблемаларын шешуге атсалысты. Облыс орталығы Көкшетауға көшкенге дейін қызметі Ақмола қаласымен байланысты болды. Одан кейін Сенатта депутат бола жүріп, Астананың дамуына, көркеюіне, тұрғындарды астаналық етіп тәрбиелеуге де атсалысты.

Қазір зейнетте жүрсе де, қоғамдық жұмыстардан тыс қалып жатқан жоқ. Оның айғағы деп, оның еңбегіне берілген «Парасат», «Құрмет» ордендері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері және басқа да марапаттарын айтуға болады. Бұл айтылғандардың бәрі – мемлекеттік қызметтерде жеткен жетістіктері. Ал мемлекеттік қызметкер ретінде

халыққа жасаған жақсылықтары қаншама?! Соның бір-екеуіне тоқтала кетейін. Бұл өткен ғасырдың сексенінші жылдардың аяғы. Отбасы жағдайына қарай Сілетіден Ақкөлге ауысуым керек болды. Облыс басшылығы ауысуыма қарсылық білдірмейді. Бірақ мұндай мәселеге жауапты болған марқұм М.Есмағамбетовадан сескенеді. Содан облыстық атқару комитетінің төрағасы Қасым Тәуеновке кірдім. Ол кісі мені түсініп, тапсырманы орынбасары Светлана Жалмағамбетоваға берді. Светлана Жақияқызы бастығының тапсырмасын у-шусыз орындап, мен қонысымды ауыстырдым. Содан кейін өз көзімнен көрген қамқорлығы – бұрынғы облыстық білім басқармасының басшысы Елена Дмитриненконы соңғы сапарға шығарып салудағы атқарған істері. Осындай ойға келгенде еске түсіре отырып, «басшы бол, халқыңа жақын бол» деген сөздің эталоны Светлана Жалмағамбетова дер едім.

Светлана Жақияқызы биыл мерейлі жасқа келді. Сіздің әлі де өзіңіз өмір сүріп жатқан, өлшеусіз еңбегіңіз сіңген Астана қаласының дамуына қосарыңыз мол деп ойлаймын. Мен сіздің қазақ қыздарының ішіндегі адамгершілігі мол, мемлекеттік қайраткер деп бағалаймын.

Еркін ДӘУЕШҰЛЫ,
Қазақстан журналистер
Одағының мүшесі

№82 (4515) 13/07/2023 Бейсенбі

МЕДИЦИНА САЛАСЫ ТАЛАПҚА САЙ МА?

Астана қаласы мәслихатының депутаттары елордадағы бірқатар медициналық нысанға барып, жұмысымен танысты.



Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Алдымен Ерлан Каналимов бастаған халық қалаулылары Сарыарқа ауданы Бейбарыс Сұлтан көшесіндегі №11 үйіне тоқтады. Мұнда инвестор есебімен аудандық емхана бой көтерді. Жаңа медициналық нысанның жалпы аумағы – 1890 шаршы метр. 4 этажды ғимарат 46 кабинетті қамтиды. Мұнда заманауи медициналық аппараттар қамтамасыз етіледі.

– Бір ауысымда 100-150 адамды қабылдауға болады. Жалпы айына 15 мың тұрғынға қызмет көрсету жоспарда бар.

Тамыз айында рентген, маммография және тағы басқа аппаратты орнатып, 1-қыркүйектен бастап ем алушыларды қабылдауды бастаймыз, – деді емхананың басшысы Толқын Сатыбалдина.

Емдеу қызметінің барлық түрін көрсететін емхананың жалпы штаты – 88. Онда акушер-гинеколог, хирург, травматолог, невропатолог, кардиолог, стоматолог, уролог, онколог, проктолог, профпатолог, гастроэнтеролог, дерматолог, аллерголог дәрігер халыққа қызмет етеді. Кәсіпкер Бауыржан Бақтыбаевтың қаржы салуымен салынды.

– Жыл өткен сайын Астана

қаласында халық саны артып, әлеуметтік инфрақұрылымды талапқа сай санын арттыру және сапасын жақсарту міндеті тұр. Кеше Президент Қасым-Жомарт Тоқаев елорданы дамыту мәселелері жөнінде кеңес өткізіп, алдымызға бірқатар нақты талап қойды. Соның бірі – халыққа сапалы қызмет көрсетуді жетілдіру, оның ішінде медицина нысандарының санын арттыру керек. Бұл істе үкіметке қарап отыра беруге әсте болмайды. Кәсіпкерлерді тарту маңызды. Осындай бастамаға Бауыржан Бақтыбаев дем беріп отыр. Бұл құптарлық жағдай. Біздің тараптан қандай сүйелдемелеу жұмыстары керек. Біз тексеріп, сынау үшін емес, мәселелер болса, бірлесе шешу үшін арнайы келдік, – деді мәслихат хатшысы Ерлан Каналимов.

Одан кейін депутаттар Тәуелсіздік көшесі №11/1 үйінде орналасқан №1 қалалық балалар ауруханасына тоқтады. Үшінші нысан – «Нұрлы жол» вокзалы маңында А83 көшесіндегі жаңа ғимаратқа барды. Мұнда «Казанат сити» ЖШС өз қаржысының есебімен емхана құрылысын жүргізіп жатыр екен.



ДӘРІГЕРЛЕР ДӘРІШТЕЛДІ

Елордалық денсаулық сақтау саласының 25 жылдық мерейтойы мен медицина қызметкерлері күніне арналған салтанатты шараға қала әкімінің орынбасары Ерлан Бекмурзаев қатысып, медицина қызметкерлерін қос мерекелемнен құттықтады.

Астана құрылғаннан бері қаламыздың денсаулық сақтау жүйесі түбегейлі өзгерді. Қаладағы медицина ұйымдарының саны 38-ден 314-ке дейін артты.

«25 жылда елордада денсаулық сақтау саласы қарқынды дамыды. Туу көрсеткіші өсіп, елордалықтардың өмір сүру ұзақтығы артты. Мұның барлығы ақ халатты абзал жандардың еңбегінің арқасында деп білемін. Сіздер күн сайын адамдардың өмірін сақтап, денсаулығын қалпына келтіруге көмектесіп келе жатырсыздар. Маңызды әрі өлшеусіз еңбек етіп жүрген барлық қызметкерлердің ерлігі

ең жоғары мақтауға лайық» деді қала әкімінің орынбасары.

Жиында 8 номинация бойынша, биылғы жылдың ең үздік медицина қызметкерлері мен медицина ұжымдары марапатталды.

Биылғы «Үздік МСАК ұйымы» номинациясы бойынша №2 қалалық емхана жеңімпаз атанды. №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының бас дәрігері Гүлнар Кулушеваға «2023 жылдың тиімді менеджері» номинациясы берілді. №3 бригада ұжымы «Үздік жедел медициналық жәрдем бригадасы» жүлдесін жеңіп алды. №2 қалалық көпбейінді аурухананың дәрігері Руслан

Хасенов «Үздік хирург» номинациясына ие болды. Ал №3 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының қызметкері Гүлбану Бейсембаева «Үздік фармацевт» аталымы бойынша жеңімпаз атанды. «Үздік акушер-гинеколог» номинациясының иегері №2 қалалық көпбейінді аурухананың дәрігері Ольга Васильковская болды. №2 көпбейінді қалалық балалар ауруханасының қызметкері Айгуль Садвокасова «Үздік орта медицина қызметкері» номинациясына ие болды. Ал 2023 жылдың «Үздік жалпы практика дәрігері» деп №13 қалалық емхананың дәрігері Жанат Мұратқалиева танылды.

АПТАП ЫСТЫҚТАН ҚАЛАЙ ҚОРҒАНУҒА БОЛАДЫ?

Дәрігерлер ыстық күндері денсаулыққа қаттымен қараудың жолдарын айтты. Дәрігерлер ыстық күндері денсаулықты қалай күту керек және қалай сергек жүруге болатындығын айтты.



Шілде әдетте ең ыстық ай, сондықтан күн сәулесінен қорғану керек. Мұндай ыстық ауада егде жастағы адамдар мен сәбилердің, ашық ауада жұмыс істейтін және созылмалы аурулары бар адамдардың жай-күйі тіпті қиын болатындығы белгілі.

Ауа температурасының қатты көтерілуі әлсіреу мен күннің өтуін тудыруы, сонымен қатар жүрек-қан тамырлары, тыныс алу, бүйрек және психикалық аурулардың күшейуіне әкеп соқтырады. Бұндай жағдайда аптап ыстықтың денсаулыққа тигізетін кері әсерін қарапайым әрекеттер арқылы болдырмауға болады екен.

Мәселен, күннің ең ыстық уақытында сағат 12-ден 16-ға дейін аса қажет болмаса, далаға шықпауға және үлкен физикалық күш салуды қажет ететін істермен айналыспауға тырысыңыз.

Егер сіз көшеге шығып үлгерген болсаңыз, көлеңкеде көбірек болатын бағытпен

жүруді ойластырыңыз. Балалар мен жануарларды жабық машиналарда аз уақытқа да қалдырмаңыз. Сонымен қатар анда-санда салқындауға тырысыңыз, күніне 2-3 сағатты салқын жерде өткізіңіз (мысалы, кондиционері бар қоғамдық ғимараттар).

Қатты ыстықтаудан және шөлдеуден аулақ болыңыз. Табиғи маталардан, жақсырақ ашық түстерден жасалған жеңіл және кең киім киіңіз, жеңіл бас киімдер, күннен қорғайтын көздірік киіп, өзіңізбен бірге су бөтелкесін алып жүріңіз.

Организмді сусызданудан қорғау үшін үнемі су немесе жылы шай, бірақ суық емес жеміс шыршындарын ішу керек. Теріге күнге күюге қарсы заттарды жағып жүріңіз. Косметиканы мейлінше көп қолданбаңыз.

Ыстық ауа райында рационнан майлы, қурылған және тәтті тағамдарды алып тастауға тырысыңыз. Мәзіріңіз-

де жеңіл тағамдар – көкөністер, жемістер, қайнатылған немесе бұқтырылған балық, тауық еті, салқын сорпалар мен окрошканы болуы керек. Санитарлық гигиена ережелерін есте сақтаңыз, көкөністер мен жемістерді, етті, балықты ағынды сумен мұқият жуыңыз.

Алкогольді (соның ішінде сыраны) ішуге болмайды. Мамандар құрамында кофеині бар сусындар, сонымен қатар жаңадағы метаболикалық процестерді бәсеңдететін сусындар мен газдалған сусындар шөлді қандырмайтындығын ескертеді.

Егер әдеттен тыс белгілер пайда болса және симптомдар сақталса, бірден дәрігерге жүгінін жөн.

Жаз ыстығында, немесе қатты шаршасаңыз, өте суық суды бірден ішпеңіз, себебі бұл тамырлардың немесе қан тамырларының тарылуына немесе жарылуына, инсультке әкелуі мүмкін.

ӨРТ СӨНДІРУШІЛЕР МАРАПАТТАЛДЫ

Астана қаласының Төтенше жағдайлар департаментінде Абай облысындағы өртті жоюға қатысқан елордалық қызметкерлер марапатталды.

Астана қаласы ТЖД бастығы, генерал-майор Қуанар Базарбаев «Семей орманы» мемлекеттік орман табиғи резерватының орман алқабындағы табиғи өртті жою кезінде қызметтік міндеттерін адал атқарғаны және көрсеткен ерлігі үшін «Төтенше жағдайлардың алдын алуда және жоюда үздік шыққаны үшін» медалімен ӨСҚК жедел кезекшісі Г.Есенғазин, №3 МӨСБ бөлімше командирі З.Вагапов, ӨСҚК жүргізуші-қызметкері Ж.Жуасбаев және №5 МӨСБ өрт сөндіру автомобильдерін жүргізу жөніндегі аға нұсқаушы Ж.Секенов, 2-МӨСБ аға өрт сөндірушісі-құтқарушысы К.Өмірзақов марапатталды.

ҚР ТЖМ алғыс хатымен №17 МӨСБ жүргізуші-қызметкері Ә.Мұқашев, №2 МӨСБ аға өрт сөндіруші-құтқарушысы Н.Жаңабаев, №8



ӨСБ өрт сөндіруші-құтқарушысы Б.Ахмадиев, №23 МӨСБ жүргізуші-қызметкері Е.Нүриденұлы, №3 МӨСБ аға өрт сөндіруші-құтқарушысы С.Қайыржанов марапаттал-

ды. Марапатқа ие болған қызметкерлерге департамент басшысы сол күндерде көрсеткен ерлігі мен кәсібилігі үшін алғысын білдіріп, қызметтеріне табыс тіледі.

ҚАЛА ҚОҚЫСТАН ТАЗАРУДА


Жыл басынан бері елордада жетпістен астам рұқсат етілмеген полигон анықталды. Оларға жүзден астам арнайы техника жұмылдырылды. Нақтырақ айтқанда, сәуір айының басынан бастап бүгінге дейін Алматы ауданынан 6 800 тоннадан астам (963 рейс) қоқыс шығарылды.

Сондай-ақ «Қазақстан Ғарыш Сапары» ғарыштық суреттері арқылы рұқсат етілмеген қоқыс орны анықталып, 39 нысанның 32-сі жойылды. Нұра ауданында рұқсат етілмеген 21 полигонның сегізі жойылып, шамамен 4350 тонна құрылыс қоқысы шығарылды. Енді мұндай стихиялық полигондарды

болдырмау үшін аудан әкімдігі полигондарға жақын аумақтарда бейнебақылау камераларын орнататын болады. Осы уақыт ішінде Байқоңыр ауданынан 1500 тоннадан астам қоқыс шығарылды. Аудан аумағында үш бірдей заңсыз қоқыс төгілген орын жойылды, екеуі бойынша жұмыс жүрде. Экологиялық

айлықты және коммуналдық сенбіліктердің кезіндегі тазалау жұмыстарымен қосқанда, Есіл ауданынан 17 500 тоннадан астам қоқыс шығарылды.

Осы жылдың басынан бастап Сарыарқа ауданында 17 рұқсат етілмеген полигон анықталды. Күн сайын экологиялық полициямен бірлесіп мониторинг жүргізіледі.



Сарыарқаны шұрайландырып, шырайландырған құтты мекен, сардаланың қақ жүрегіндегі таңғажайып жер, Қазақстандағы туристер ең көп келетін топ-5 аймақтың бірі – Бурабай демалыс аймағы. Онда саябақтар, аты аңызға айналған мүсіндер, тастар, таулармен қоршалған мекенге саяхат жасап, қасиетті жердің тарихын естіп қайтудың өзі – бір мақтаныш. Бурабайды Қазақстанның бренді десе де болады. Аптаның демалыс күндері, жаз шығысымен елордалықтар Бурабайға қарай ағылады. Отандық туризмнің бойтұмарына айналған Бурабай ұлттық саябағына келушілер саны бойынша да көш басында. Көкшенің көз тоймас көрікті жерлерінде 550 мыңнан астам адам саяхаттаған.

ЖАЗҒЫ ТУРИЗМ: БУРАБАЙДАҒЫ СЕРВИС ҚАШАН ДАМИДЫ?

Гүлшат
САПАРҚЫЗЫ

ОТАНДЫҚ ТУРИЗМНІҢ БОЙТҰМАРЫ БОЛА МА?

Мәдениет және спорт министрлігі ұсынған туристік аймақтардың картасы бойынша республикалық деңгейдегі туристік аймақтар тізіміне 24 аумақ кірді, оның ішінде: Алматы, Астана қаласы, Ақмола облысының Шүчінск-Бурабай курорттық аймағы, Алакөл көлінің жағалауы, «Шымбұлақ» тау-шаңғы курорты, «Табаған» тау-шаңғы курорты, Шарын каньоны, «Тенгри» курорт қаласы, Қапшағай қаласы, «Арасан» санаторий-курорттық аймағы, Балқаш көлінің жағалауы, Каспий теңізінің жағалауы, Түркістан қаласы, Павлодар облысының Баянауыл курорттық аймағы, «Байқоңыр» туристік аймағы бар. Еліміздегі туризм саласының дамуына біз атап өткен аймақтар үлкен пайда әкеледі. Ал олардың ұзақ жасауы мен қауіпсіздігі біздің қолымызда екені түсінікті.

Алакөл көлі мен Алматы облысының тау кластерінен кейін «Бурабай» курорттық аймағының жылына 2 000 000 туристік әлеуеті бар (қазіргі туристік ағым – 750 000).

«Бурабай» мемлекеттік ұлттық табиғи саябағының табиғаттың қайталанбас нысандары ерекше көрнекті орындары деп танылған. Мұнда жануарлардың сан алуан түрлері бар. Түрлі пішін мен қалыпта түзілген гранитті жартастар алып тастардан арнайы ойластырылып жасалған сияқты. Іс жүзінде бәрі – адам баласы ат беріп, аңызбен байытқан шебер Табиғат-Ананың бірегей туындылары. Бурабай көлі теңіз деңгейінен 319 метр биіктікте орналасқан. Көл шығанағындағы Жұмбақтас тауы Бурабай нышанына айналған. Бурабай табиғаты көз тартар сұлулығымен, ауасының тазалығымен тартымды. Биік таулар, көгілдір көлдер, қарағай мен қайың ағаштары өлкенің сәнін кіргізеді. Саябақта жануарлар әлемінің 305 түрі бар. Оның 87 түрі сирек кездесетін я жойылуға



жақын. Өсімдіктердің 757 түрі кездеседі. Оның 12 түрі Қызыл кітапқа енген. Жайқалған ағаштардың қарағай, қайың, көктерек, бұталы өсімдіктер құрайды. Тау қыраттарының үгіліуі мен желдің әсерінен Бурабайда Оқжетпес, Ұйқыдағы батыр, Бүркіт, Түйе, құдыр, Сфинкс сияқты ерекше тас мүсіндер пайда болған.

Өлкенің қазақстандық және шетелдік туристер арасында танымалдылығы – заңды құбылыс. Астанамыз арқылы салынған жаңа жол Бурабайға еш алаңсыз, жайлы жетуге мүмкіндік береді. Бірақ, осындай шұрайлы жерді, туризм кластерін отандық экономиканың дамуы үшін орынды пайдаға асыра алмай отырған еліміз...

МҮНДА НЕГЕ БӘРІ ҚЫМБАТ?

Әріптесім жазғанындай, Астанадан небәрі 250 шақырым жерде орналасқан Бурабайға демалу үшін қалтаңызда 500 мың теңгенің болуы керек. Онда арзан қонақ үй нөмірлерін 20-25 мың теңгеге табуға болады. Екі адамға кететін шығыны Алакөлмен тең. Бурабайда сервис қызметінің сапасы, инфрақұрылымы жетілмегені өз алдына, асханасындағы тамақ өте қымбат. Маусым-шілде айларындағы халықтың нөпірін пайдаланып, бағаны неше

ТУҒАН ЖЕРДІҢ ТАБИҒАТЫНА ТАМ-САНТЫП, ТАРИХИ-ТАНЫМДЫҚ ТУРЛАР ҰЙЫМДАСТЫРУ ӨТЕ ҚАЖЕТ. СОНЫМЕН ҚАТАР СЕРВИС ҚЫЗМЕТІНІҢ САПАСЫН ДҰРЫСТАП, ИНФРА-ҚҰРЫЛЫМДЫ ДАМУДЫ ҚОЛҒА АЛУ КЕРЕК. ЯҒНИ, ӘУЕЖАЙ, ВОКЗАЛ, ҚОНАҚ ҰЙ, ЖОЛ ҚАТЫНАСЫН ДАМУДЫҢ МАҢЫЗЫ ЗОР

есеге көбейткен кәсіпкерлер осы екі айда ақша табу үшін жанталасады. Оларды осы туристер келесі жылы қайтып келе ме, жоқ па деген сауал қызықтырмайды, бар ықпалы – түскен қаржыда. Ал енді тазалық мәселесін айтсақ, сіз де жылайсыз, мен де жылаймын...

Бурабайда кәсіп жасап жатқан кәсіпкерлер де мұны айтсаң, зар жылайды.

– Досым екеуіміз Бурабай көлінің жағажайларындағы демалыс үйлерін келушілерге жалға берумен айналысқанымызға бірнеше жыл болды, – дейді кәсіпкер Ықылас Оразбай бізбен әңгімесінде. Тапқан табысымызды толық көрсетіп, салық комитетінің талабы бойынша жұмыс істеп отырмыз. Бірақ, жалға берген жерінің топырақ қабатын тексергендер тағы да баж салығын төлеңдер деп дикілдегенде тө-

беңді тесіп жібере жаздайтыны бар. Жердің үстіндегі бизнеске жердің топырақ бетінің не қатысы бар, түсінбеймін. Ол жерде мен егін егіп, астық алмасам, өндіріспен өнім шығармасам,

баж салығының маған не қатысы бар деген ой мазалайды. Ал тазалық мәселесіне келсек, қоқыс шелектерін қойғанымызбен, адамдар қалай болса солай толтырып, айналаның бәрін қоқыс алаңына айналдырып жіберетіні тағы бар. Сондықтан, келген туристерге қоқыстарын өздерімен бірге ала кетуге міндеттеп отырамыз, басқа амал жоқ. Осы әдетті жаппай тәртіпке айналдыру өте маңызды. Одан өзге тау-тастың барлығын келген туристер, қаңғыған келімсектер әжетханаға айналдырғалы қашан?! Табиғат-Анаға жаның ашиды, қайнайды қаның... тағы да амалың құрып, тірлігіңді жалғастыра бересің.

ҮЛКЕН ӘЖЕТХАНАҒА АЙНАЛА МА?

Шынында да Бурабай көлі маңайы қаладан зерігіп шыққан адамдардың демалып, қоқысын төгіп, күнделікті қажетін өтейтін орнына айналғалы қашан?! Биодәретхананың да табиғатқа келтіріп тұрған пайдасы да шамалы. Артынан шыққан сасық иіс қолқанды қабатыны рас.

– Көлдің жағасын айналып жаю жүру мүмкін емес, – дейді белгілі композитор Айгүл Бажанова жуырда өзінің Facebook парақшасында. Қарағайлардың арасында еркін тыныс алып жүре алмайсың. Себебі ішкен тамақтарың «шығарып», қажеттерін өтеп тастаған. Көлдің жағасынан зәрдің иісі мұңкиді, өте лас. Сонда да шомылып жүр адамдар. Қайтсін енді, жағажайдың иелері ақша алса болды. Ойбай, Шығысымыз – Швейцария, Шарынымыз – Америка деп мақтансақ болды. Бірақ, қолда барымызды қадірлемейміз. Алакөл анау. Суы қандай, суының шипасы қандай?! Бірақ жағасында отыруға жиіркенесің. Жаман жағын көргің келмейді-ақ, бірақ, амал жоқ. Сауда орталықтарындағы дәретханаларға кіріп шығыңызшы. Адам емес, хайуан отырған ба деп ойлайсың... Себебі өзімізді сыйламаймыз. Өзін сыйламаған адам өзгені де сыйлай алмайды. «После меня хоть потоп». Құдай бізге қандай жерлер сыйлаған?! Қашан мәдениетті елге айналамыз, ә?!

Бурабай ортостарды сияқты. Кафе, жағажай бәрі де – солардың қолында. Қазақтардың бәрі әлі орысша сөйлеп жүр. Екі күнге барғанбыз. Бүгін кері қайтып кеттік. Көңіл-

күй болмады. Кешірші бізді, Жер-Ана!!!

Бурабайға барғандар дәл осыны қайталайды. Елорданың іргесіндегі жолы сайрап жатқан туристік аймақтың халі осындай болғанда басқалар туралы айтудың да өзі артық секілді.

ЕНДІ НЕ ІСТЕУ КЕРЕК?

Біріншіден, туған жердің табиғатына тамсанып, тарихитанымдық турлар ұйымдастыру өте қажет. Бурабай – көптеген аңыздарды байланыстырған жұмбаққа толы жер. Аңыздарға сүйенсек, Абылай хан билігі кезінде оның жеңімпаз әскері қалмақтарды ойсырата жеңді делінеді. Абылай ханның абыройын аспандатқан хан Кенесарыға мекен болған, сексен көлдің тамашасын айтып, Біржан салға ән салдырған, небір қазақ дүлділі, батыры мен ақынына мекен болған қасиетті Көкше жеріне мемлекеттік деңгейде туристік-танымдық экскурсиялар өткізуді әдетке айналдыру керек.

Екіншіден, сервис қызметінің сапасын дұрыстап, инфрақұрылымды дамытуды қолға алу керек. Яғни, әуежай, вокзал, қонақ үй, жол қатынасын дамытудың маңызы зор.

Үшіншіден, асханасының сапасы мен бағасын реттеген жөн. Өз отандастарымыздың қалтасын қағып, барын сыпырып алғаннан не ұтамыз?!

Төртіншіден, ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттап, құндылықтарымызды қадірлейтін этноауылды дәл осы туристік аймақтарға орналас-тырған дұрыс. Жолаушы шөлдеп келе жатқанында қазақ киіз үйдің жанына тоқтап, құрт-ірімшікті жеп, қымыз-шұбат ішіп, сусынның қандырса, несі айып?! Мұны Мәдениет және спорт министрлігінің назарына ұсынамыз!

Бесіншіден, Бурабай демалыс аймағына көліктерді кіргізбеген абзал. Дамыған елдердегі тәжірибені пайдалана отырып, адамдарды белгілі бір жерден арнайы автобуспен тасу керек. Әйтпесе, саф ауаны құртып, газбен улап, отын жағып, қоқыс төгіп, әжетханаға айналдырғанымыз айналдырған, судың да сұрауы бар, ертеңгі ұрпаққа не қалдыратынымызды бүгін ойламасақ, бәрі кеш болары сөзсіз. Көкшенің ғана емес, қазақ елінің інжу-маржаны, көркем мекенінің тағдыры – сіз бен біздің қолымызда екенін ұмытпайық!



Айгүл УАЙС

ЖАҚСЫЛЫҚҚА ЖАСЫНАН ТӘРБИЕЛЕСЕ

Осыдан бірер жыл бұрын, «Астана-Тазалық» кәсіпорны қоқысты сұрыптау ісіне құлшына кіріскен болатын. Оған дейін тұрмыстық қалдықтар бір жәшікке тасталатын болса, енді сары түсті жәшік қосып, пластик құтыларға арналған тор жәшік, одан бөлек, қоршаған ортаға зиянды заттардың қалдықтарды жинайтын түрін де әкеліп қойды. Тіпті өткен жылдан бастап, нан қалдықтарын да рәсуа етпейміз дейтіндер шығып, қоршаған ортаның тазалығына жаңа көзбен қарай бастағандай болып едік.



Дегенмен қуанышымыз ұзаққа бармады. Негізгі мақсат – қала сыртындағы полигонға шығарылатын қоқыс көлемін кемітіп, оны қайта өңдеуді дамыту үшін екі түсті контейнер орнату аздақ ететінін түсіндік. Біріншіден, ауланың қоқыс жинайтын жері қалай болса солай шашылып жатқанда, ешкім жәшіктердің түсін таңдап жатпайды. Сары жәшік тұрмыстық қалдыққа толып тұрғанда, енжарлық мүлдем билеп алады. Бұл жерде күзретті ұйымның жұмысты жоспарлай алмағанын да қосуға болады. Бірақ айтпағымыз басқа. Ересектерді қоршаған ортаға қамқорлық жасауға шақыру қиынға түссе де, бәлкім келешек ұрпақтың санасында осы ұшқыңды жандыра алармыз деген ой қаламымызға түрткі болды.

Қазіргі күнде тек қаламыздың ғана емес, бүкіл әлемнің басты мәселелерінің бірі – экология, яғни қоршаған ортамыздың ахуалы. Бар болғаны қоқысты сұрыптау арқылы қоршаған ортаға қалай ықпалымыз болуы мүмкін деген сұрақтың мәнін балалар түгілі, ересектер түсіне бермейді. Түсінбеген соң жауапсыз іс-әрекетімен табиғатқа залалын тигізеді. Оның салдары өзінен бастап барлық қалалықтардың өмір сүру сапасына, денсаулығына тікелей әсер етіп жатады. Бірақ, егер сіз бұл мәселені саналы түрде қолға алсаңыз, онда әрбір адамның табиғатты жақсартуға көмектесе алатыны дәлел. Қоқысты сұрыптау арқылы да қоршаған ортаны сақтауға үлкен қадам жасайды.

Сондықтан да балабақшадан бастап, мектеп бағдарламасы, студенттер арасында экологиялық сағаттар тұрақты жүргізілгенін зияны болмас еді. Табиғатты қорғау идеясына барлық адамзат ұқыптылықпен қарап, керек десеңіз, әрбір адам барынша түсіне білсе, көп түйіндер тез шешілер еді.

Сөзімізді қарапайым болып көрінетін, алайда бәрімізге тікелей қатысты қоқысты сұрыптаудан бастап отырғанымыздың себебі – осы. Адам баласы жасынан ұқыптылыққа, үнемділікке, қанағатшылыққа, жан-жағындағы нәрселерге жанашырлықпен және жауапкершілікпен қарап үйренбесе, бергін келе қоршаған ортасына да немқұрайлықпен қарайтын болады.

Адам бойындағы осы бір жақсы қасиеттерді мәнін ашып, түсіну үшін ысырапшылықты, жауапсыздықты, ұқыпсыздықты қарсы қоя аламыз. О баста, бұл адамның өмірге көзқарасын түзейтін, жеке басының қоғам алдында жауапкершілігін арттыратын қасиет еді. Бірақ, мұны сараңдықтың көрінісі және материалдық жетіспеушіліктің жоқтықтың белгісі деп жаңсақ жолға салып жібердік.

Ұқыпсыздықтың мысалы көп, халқымыз оны «қыс киерін жаз киіп, жарлы қайдан байысын» деп бір сөзбен айтқан. Үнемділікке тәрбиелеудің басты шарты балаларға өз қажеттіліктерін ақылға қонымды шеңберде қалыптастырумен де байланысты. Әрине, балалардың жақсы киімдері, жақсы тамағы, ойыншықтары, оқу құралдары, кітаптары болуы керек. Бірақ сонымен бірге өлшемді әрқашан

есте сақтау керек. Егер балада тек қажетті және ыңғайлы киім ғана емес, сонымен бірге ата-анасының қамқоры шамадан тыс киім-бұйымдарымен көрініс тапса, әдетте, перзенті де ағыл-тегіл молшылыққа үйреніп, сұраусыз келіп жатқан дүниеге жаны ашымайтын, мол дүниенің қадірін білмей өседі. Еті жаман үйреніп, болған үстіне бола берсе екен деген ниет пайда болады. Байқағанымыздай, ондай балалар өз заттарын жиі жоғалтады, оның бар-жоғын білмей жүреді.

Дүкенге ертіп барғанда баланың көзі түскен нәрсесін алып бер деп ата-анасын қинайтын белгілі. Сәбидің қыңқылдағанынан қашып, қымбат болса да, сұрағанын сатып алып береді. Енді біреулері баласы басқадан кем болмасын деген ойдың жетегімен жүреді. Осылайша ысырапшылық біртіндеп қа-

лыптасады. Ал адам бала кезінен өз затына ұқыпты болып, қадірін білмесе, есейген кезде қоғамдық құндылықтарды да көзіне ілмейтін болады.

Оқушыларға қажетті қағаз, дәптер, қалам мен бояуларға, қылқаламдарға ұқыптылықпен қарауды тәрбиелеу де – қиынның қиыны. Мұның бәрі қолжетімді және арзан болған соң, бала да әке-шешесі де бағаламайды. Қаламның тұқылын, жазылып қарауды тәрбиелеу де – қиынның қиыны. Мұның бәрі қолжетімді және арзан болған соң, бала да әке-шешесі де бағаламайды. Қаламның тұқылын, жазылып қарауды тәрбиелеу де – қиынның қиыны. Мұның бәрі қолжетімді және арзан болған соң, бала да әке-шешесі де бағаламайды. Қаламның тұқылын, жазылып қарауды тәрбиелеу де – қиынның қиыны. Мұның бәрі қолжетімді және арзан болған соң, бала да әке-шешесі де бағаламайды.

соң орнына қою, тағы басқа заттарға деген қамқорлықтың нышандарын ертеден үйретпесе, өсе келе ортақ ережеге бағынбайды.

Үнемділік уақытпен де бағаланады. Балаларда ерте жастан уақытты сезінуге, оны текке өткізбей бағалауға үйрету – тәрбиенің басы. Бала күн тәртібіне икемделіп, балабақшадағы, одан тыс далада серуендеу, ойнау уақытын білуі керек. Әрине, алты жасар балаға уақыт туралы айту да қиынсыз. Ата-ана оны біртіндеп дағдыландыруы керек. Балалардың іс-әрекетін ұйымдастырған кезде белгілі бір іс-әрекетке қанша уақыт қажет екенін, басқа мәселелерге қашан көшу керектігін түсіндірген абзал. Сонда ғана баланың өмірінде жүйелілік болып, бейберекеттік азаяды.

Қаламызда ботаникалық бақ, гүлзар бақтар әр ауданда

кездеседі. Онда өсіп тұрған гүлдер мен ағаштарда есеп жоқ. Аралай барғанымызда сәбиін жетектеген ата-аналардың гүлдер, ағаштар, құстар, көбелектерді көрсетіп, әдемі деп бірге таңданып жатқанын көрмейсіз. Өзірге байқайтынмыз, сөмке-сөмке тамағын ағаштың түбінде көлеңкелеп жатып жеп алып, кері кеткен ересектер. Балалары арттарында қалған бос бөтелкені тепкенге мәз. Тағы да қоқыс толы үлкенді-кішілі жәшіктер.

Өсіп келе жатқан бала табиғаттың қорғаушысы және досы болуы керек. Мұндай бала жасыл кеңістіктің сәнін бұзбайды, ағашты сындырып, гүлдерді жұлмайды. Демек, балаға үйрету керек бірінші нәрсе – өсіп тұрған гүлдерді аялап, тіршілікті тапталпау, қорғаушы болуға үйрету.

Тұтынушылық көзқарасының кез келген фактісіне, ол қандай формада көрінсе де, төзбеушілік таныту керек-ақ. Бала гүлзардан гүл жұлып алды ма, көкті басып кетті ме, үйдің қабырғасын сызды ма, есікті теуіп жапты ма – мұның бәріне алдымен ересектер жауапты. Соларды айыптау керек.

Баланы қоғамдық игілікке ұқыпты қарауға қалай үйрету керек? Алдымен бала отбасы мүшелерінің заттарын бүлдірмеуге үйренуі керек. Үйде өзіне жүктелген істерге жауапты сезінуі маңызды. Болашақта ол бұл сезім үйінің сыртына шыққанда да тастап кетпейді, жаманшылыққа бастамайды. Баланы қоғамдық пайдалы жұмысқа мүмкіндігінше ертерек баулу керек. Пәтеріңізден тыс барлық нәрсе баспалдақ, лифт, үй маңындағы аула, ондағы ойыншықтар, саябақтың бәрі өзінің, өзгенікі екенін түсінсін. Бұл ортақ нәрсе егер, соның ішінде сізге де тиесілі және оны жеке адам ретінде сақтау керек. Өсіп келе жатқан адамда осы үйренген тұжырымдамадан тұлғаның маңызды сапасы «қожайын» сезімі қалыптасады. Бұған тәрбиелеу ұзақ процесс, оңай да емес. Көбінесе бұл жерде балалардың «қалауы» ата-анасымен «тыйымы» қатар жүреді. Ересектер ерекше табандылық көрсетіп, жалықпай түсіндіріп, баланың бойында қоршаған ортаға деген жауапкершілікті оята алмаса, айнала қоршаған ортамыз ғана емес, сонымен бірге болашақ ұрпақтың да көкірегі «қоқысқа» толады. Ал біздер болсақ, әлі күнге дейін қоқысты неге сұрыптамайды деп жүрміз. Өзіңіз не әрекет еттіңіз? Мұны балаңызға айттыңыз ба!

«БІЗ КЕСТЕ» БРЕНД БОЛА МА?

Соңғы жылдары ұмытылып бара жатқан кейбір ұлттық дәстүріміз бен қолөнеріміз қайта жаңғыруда. Соның ішінде «біз кесте» деп аталатын кесте тігу түрін бүгінгі кезеңде қайта тірілтуге атсалысып жүрген талантты жастар жоқ емес. Солардың бірегейі – 20 жылдан бері кесте тігумен айналысатын астаналық суретші Гүлназым Өмірзақ.

Гүлназым Өмірзақ Моңғолияның ең қазақы өлкесі – Баян-Өлгей аймағында дүниеге келген. Кейіпкеріміздің әкесі, Германиядағы Өнер академиясын тәмамдап, елдің суретшілер одағын басқарған. Гүлназымның өнерге деген махаббатын ашқан – әкесі мен анасы. Анасынан кішкентай кезінен бастап, қазақтың ұлттық «біз кестемен» тоқуды үйренді. Анасы балаларын осылайша қолданбалы өнерге баулады.

1991 жылы атамекеніне оралып, Алматыда өнер жолына түсті. Оқу барысында түрлі байқауларға қатысып, жүлделі орындарға ие болды. Ең бірінші жүлдесін «Шабыт»

республикалық таланттар байқауында жеңіп алды. Байқаудан кейін Гүлназымның өзіне деген сенімі күшейіп, болашақта шығармашылықпен айналысуға деген ұмтылысы пайда болды. Осы сәттерден бастап, әпкесімен Алматы және Астана қаласында өз жұмыстарынан жеке көрмелер ұйымдастыра бастады. Гүлназымға дейін мұны ешкім қолға алған жоқ, ойткені бірнеше жыл бұрын «біз кесте» тігу техникасы елде кең таралмаған болатын. Ал қазір бұл ескі дәстүрлі кесте тігу техникасына қызығушылық танытатын адамдар көбейді. Гүлназымның «біз кесте» техникасымен жасаған туындыларының ерекшелігі – қазақтың

кесте өнерін суретшілікпен біріктіруінде.

Гүлназым бірнеше жыл бұрын ЭКСПО – 2017 көрмесіне қатысқан. Ол жерде анасы екеуі үш ай бойы кесте тігуді қонақтарға үйреткен болатын. Шетелдік қонақтар жұмыстарына риза болып, картиналардың көпшілігі көрменің алғашқы күндерінде сатылып кетті. Түркия Президентінің жұбайы көрмеге бірнеше рет келіп, ақ батасын берді. Көрменің соңында Гүлназымға «Шабыт» колледжінде оқытушы болуға ұсыныс түсті. Кейіпкеріміз сурет салудан бөлек концерттік костюмдер де тигеді. Ол қазақстандық дизайнер Берік Исмаиловпен бірлесіп, Меруерт



Түсіпбаеваға костюм тіккен. Қолөнер шеберінің туындылары тек жергілікті тұрғындардың ғана емес, шетел азаматтарының да сұранысына ие.

– Анкарада өткен Қазақстанның мәдениеті күндерінде менің жұмыстарым алғаш рет шетелдіктер назарына ұсынылды. Содан кейін еліміздің атынан шетелге жиі шақырту алатын

болдым. Одан бөлек, Наурыз мерекесінде Нью-Йоркте де картиналарымды көпшілік назарына қойдым. Биыл 2 маусымда Египеттегі Қазақстан мәдениетінің күндеріне еліміздің атынан қатысып, өз еңбектерімді тағы да көрсетемін, – дейді кейіпкеріміз.

Гүлназым осыдан 10 жыл бұрын Астаналық менеджмент

және бизнес колледжінің студенттеріне «біз кесте» әдісін үйреткен еді. Қазір «Шабыт» университетінде студенттерге сурет салудан сабақ береді. Сонымен қатар шеберлік сабақтарын өткізеді. Сабағына тек жас қыздар ғана емес, үлкен әйелдер де келеді. Тіпті кесте тоқу техникасына қызығушылық танытып, шығармашылықтың осы түрін дамытқысы келетін жігіттер саны да аз емес. Гүлназымның ең үлкен арманы – көне кестелеу өнерін ұлттық брендке айналдыру. Бүгінгі таңда өз өнерімен елімізге және шетелге танымал болған Гүлназым Өмірзақтың туындылары Лондон, Люксембург сияқты қалалардың, сондай-ақ Германия, Франция, Түркия, Ресей елдерінің өнер галереяларының төрінде тұр.

Венера БАТАЛОВА,
Эльгиза ЕРМЕК,
Л.Гумилев атындағы
Еуразия ұлттық университетінің студенті



ШЕТЕЛДІК КӨЛІК: ЗАҢДАСТЫРУ ТҮЙТКІЛДЕРІ

2023 жылдың 23 қаңтарынан бері елімізде зырылдатып шетелдік автокөлік мініп жүрген азаматтардың көбі темір тұлпарларын заңдастыру үшін түн ұйқысын төрт бөліп, біраз әуре-сарсаңға түскені байқалады. Өйткені осы аралықта Мемлекет басшысының тапсырмасымен ішкі істер органдары Қазақстанға 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін кірген шетелдік автомобильдерді заңдастыруды қолға алды.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

КҮМӘН КӨП, КҮДІК БАСЫМ

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Әкімшілік полициясының мәліметі бойынша, 25 маусымға дейін елімізде 173 мың көлік заңдастырылыпты. Бұған қоса 15 мыңнан астамы тіркелу кезегінде тұр. Сондай-ақ жеті мыңнан аса автокөлік-конструктор қазақстандық есепке қойылған. Бұл, бір қарағанда, жаман көрсеткіш емес сияқты көрінгенімен, осы төңіректе түйткілді мәселелер де аз емес екен. Нақтырақ айтсақ, осы науқанды дүрбелеңге айналдырып, аңқау елге арамза молданың кебі кигізіп жүргендер көбейіп барады. Кедендік салықты қалтасы көтермейтіндер арзандау мүмкіндіктерді іздеп, пысықайлардың кезекті рет қылмыстық ой-жоспарларын жүзеге асыруына жол ашқандай болды. Астана тұрғыны Жұмабек Сарсенов – солардың бірі. Осыдан екі жыл бұрын Арменияға барып өзіне ұнаған автокөлігін сатып алып, отбасымен бірге бір қуаныш қалып еді. Сол кезде адамдарға көмек қолын созып, осындай мүмкіндік туғызғаны үшін мемлекетке іштей мың алғыс айтты. Өйткені Қазақстанның «Жол қозғалысы ережесі туралы» заңында өзге мемлекетте тіркеуде тұрса да сатып алынған көлікке бір жылға дейін ел аумағында жүруге рұқсат берілетін. Рас, кеденде бірден есептен шығаруды әркімнің қалтасы көтермегендіктен, сол бұрынғы нөмірімен жүре берді. Енді келіп, мемлекет тарапынан заңдастыру жөнінде әңгіме шыққанда екі жеп, биге шыққысы келетін иненің көзінен өткен жылпостарға ұрынып қалып, бармағын тістеп отыр. Өзін емес, үкіметті кінәлайды.

– Кеденде ресми тіркеуден өту сатып алған көлігіңнің бағасынан да қымбатқа түсетін болғасын, солай жүре бердік. Сөйтіп, ешбір жол полициясы тоқтатпастан екі жылға жақын емін-еркін айдап жүрдім. Енді

келіп, «шетелдік көлік иелері жол қозғалысы ережесін жиі бұзады. Әрі оларға тіркеуде тұрмағасын айыппұл салынбайды» деп «легализация» деген пәлені шығарды. Мұның өзі – күмәнді нәрсе. Біреулер оп-оңай өтіп кетіп жатыр. Ал біреулер машинасының Армения немесе Грузиядағы бұрынғы иесін таба алмай, діңкесі құрып, бастары қатуда. Мен де 2020 жылы Армениядан «Камри» маркалы автокөлік сатып алғанмын. Сары нөмір алып, Қазақстанға уақытша тіркеуге қойдым. Енді тұрақты тіркеуге қойып десем, бұрынғы иесінің атынан есептен шығару керек екен. Соған «Camelot» аталатын фирманың адамдары көмектеспекші болды. Жүз елу мыңға барлық шаруаны тыңдырып, көлікті Арменияға бармай-ақ қашықтықтан есептен шығарып, құжаттарын қолыма әкеліп беретін болып келісті. Ақшаны санап бердік. Міне, бес айдан асты, «Camelot»-ның сайда – саны, құмда – ізі жоқ, таба алмай жүрмін. Сөйтіп, шетелдік көліктерді заңдастыру деген мәселе төңірегінде де алаяқтар аяғын алшаң баса бастады. Енді мұны өршіп кетпей тұрғанда тізгіндеген дұрыс болар еді» дейді көлік иесі.

БҮЛ ШАРА КІМГЕ ТИІМДІ?

Сонымен, ел Үкіметі өзінің 2023 жылғы 9 қаңтардағы №13 қаулысымен Қазақстан аумағына 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін кіргізілген жекелеген көлік құралдарына алғашқы тіркеу үшін алым мөлшерін және оның ережесі мен шарттарын бекітті. Шетелдік көліктерді кедендік тазартудан босату кімге тиімді? Біріншіден, елде 300 мың осындай машинаның жүруі тек ережеге ғана қайшы емес, өте қауіпті де. Неге десеңіз, еш жерде тіркелмеген көліктердің жол-көлік оқиғасын жасап, қашып кетіп жатқандары қаншама?! Өрі мұндай көліктердің тізгініне көбіне әлеуметтік жағынан аз қамтылған адамдар ие болатыны да жасырын емес. Салық төлемей, ереже

бұзып, айыппұлдан жалтаратын жүргізушілер кімге ұнайды?! Елде осы төңіректе әлеуметтік наразылықтардың да естіліп қалатыны байқалды. Міне, осы тұста халықтың үстінен күн көріп үйренген, «жұмыртқадан жүн қырыққан» аферистер-алдамшы қулар атқа қонды. Олар Ресейден, Грузия мен Армениядан ескі-құсқы автокөліктерді жүздеп, мыңдап тасыды. Үкіметтің «қайырымдылық жасайтынын» білсе керек. Енді келіп, 200 мың теңгеге заңдастырып, 12-15 миллион теңгеге екі есе бағасына сатып, қалтасын кампиттеп жатыр.

«Көрмейін десем, көзім бар» дегендей, «заңдастыру туралы қаулы шығады» дегеннен кейін Ресей мен Кавказдан ағылған машиналар әп-сәтте 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін әкелінген болып тіркеліп шыға келді. Ол және он емес, жүз емес мыңдап саналады. Көліктің шекараны 2022 жылдың 1 қыркүйегіне дейін кесіп өткені қалай анықталады? деген сауал көпшілікті мазалай бастағасын ҚР ІІМ Әкімшілік комитетінің төрағасы Қайсар Сұлтанбаев: «О жағынан қам жеменіз, көліктің елге кірген уақыты ҰҚК шекара қызметі мәліметтері» базасына автоматты түрде жазылып отырылады» деп жайылдырғандай болды. Бір қарасаңыз бәрі дұрыс сияқты. Алайда көлікке сақтандыру полисін рәсімдеу кезінде көптеген автокөліктердің Шекара қызметінің мәліметтері базасынан табылмағанын қалай түсінуге болады. Олар компьютерде ақау табылып, техникалық себептермен жойылып кеткен. Көріңіз бе, осы жерде де сыбайластықтың, жең ұшынан жалғасудың басы қылтып тұр» дейді белгілі заңгер Қанат Нұров.

Егер мұны жедел қолға алмаса, алаяқтар әлі талайға сан соқтыратын сыңайы бар. Машина заңдастырылғасын да оны бірнеше адамға сату фактілері орын алып отыр. Олар тұрмысы төмен адамдарды тауып, елу-алпыс мың теңгеге көлікті кезекпен-кезек рәсімдейді екен. Осылай «тазаланған» автомобильді алақолдар нағыз клиентке

қымбаттау бағаға өткізіп жібереді. Бейресми мәліметтер арқылы «заңдастырылған» көлік уақытша тіркеуде тұрды да, оны енді соңғы иесі ешкімге сата да, рәсімдей де алмайды. Міне, осындай «қолы байланып қалғандар» қазір елімізде мыңдап саналады.

ҚАТАҢ ҚАДАҒАЛАУ ҚАЖЕТ

Ресми түрде айтылмағанымен, шенеуніктер алданған адамдардың сауалдарына жауап беріп, мүлікті пайдалануға қойылған шектеулерге байланысты түсініктер беруде. Мұндай автокөліктерді пайдалануға болғанымен, сатуға болмайды.

Ендігі мәселе – құқық қорғау органдары осындай орын алған алаяқтық жоспарлар мен оған қатысушыларды тез арада анықтап, жолын кесуі тиіс. Ал шындығында, «мұндай құйтырқылық күзиретті органдардың төрағасы Қайсар Сұлтанбаев: «2023 жылдың 1 шілдесінен бастап заңдастыруға өтінімдерді қабылдау тоқтатылды, бұдан былай заңдастыру мерзімі ұзартылмайды. Енді шетелдік есепте тұрған автокөліктерді Қазақстан Республикасының заң талаптары бұзып пайдалануды жалғастырған азаматтарға тиісті шаралар алынады. Ал Еуразиялық экономикалық одақ елдерінде бұрынғы тіркелген жері бойынша есептен шығарылмаған және осы себепті заңдастырылмаған автокөліктерге келетін болсақ, аталған көлік иелеріне оларды Қазақстан Республикасында 5 жыл мерзімге уақытша есепке қою құқығы берілетін болады» деді.

Әзірге шетелдік көліктерді заңдастыру үдерісінің жай-күйі осылай болып тұр. Оны алдағы уақытта реттеп, заң талаптарына сәйкес қатаң бақылауға алуға ел үкіметі араласады деген сенім мол.

ИНТЕРНЕТ- ПЕДОФИЛМЕН ҚАЛАЙ КҮРЕСЕМІЗ?

Қазіргі заманның ең өзекті мәселелерінің бірі әлеуметтік желілердегі педофилия болып тұр. Алайда, бұл мәселе кеңінен бел алып кеткеніне қарамастан, біздің қоғамда осы тақырып мүлдем көтерілмейді. Өсіп келе жатқан қаншама бала мен жасөспірімдер педофилдердің қармағына түсіп, өмір бойы өзіне деген жиіркеніш, қорқыныш сезімімен өтеді. Ал кейбіреулердің өмірі соның салдарынан суицидпен де аяқталып жатыр.

Қазіргі XXI ғасыр, технологиялар заманында әр баланың қолында бір ұялы телефоннан бар. Көбісі әріп танып, сөйлеп үйренуді смартфоннан меңгереді. Бұның қауіпін ата-аналар да, балалардың өздері де біле бермейді. Өте өкінішті, себебі балалар әлі тым жас және аңқау болғаннан кейін олардың әлі қалыптаспаған психикасына қысым түсіру, оны бұрмалау кез келген ересек адам үшін оңай нәрсе. Байқауымыз бойынша арам ниетті адамдар бұны сәтті пайдаланып отыр.

Instagram, TikTok, Vk, YouTube және тағы басқа кез келген әлеуметтік желілерде педофилдер қаптап отыр. Олар жас балалардың атынан аккаунт ашып, балалармен бір әлеуметтік желіні қолданып, сол арқылы өз арам ойын жүргізіп жатыр. Әдетте олардың қармағына 7-14 жастағы балалар түседі.


Кейбіреулер бірден өз жыныс мүшелерінің фотосуреттерін жіберіп, балаға тікелей қысым көрсетсе, кейбірі керісінше алдымен баланың сеніміне кіріп, оған жылы сөздер айтып, жақын адамына айналған соң, өзінің ауру фантазиясын шындыққа айналдыра бастайды. Ал бұл бірінші нұсқадағы сценарийден әлдеқайда қорқыныштырақ. Көптеген педофил осылай смартфон экранының ар жағында отырып, балалардың психикасын бұзады және мұндай істің соңы жағымсыз оқиғамен аяқталады. Бұл мәселенің ауырлығына қарамастан, не қоғамның, не үкіметтің оны шешуге талпынысын көріп тұрған жоқпыз. Бұл біздің еліміздегі барлық баланың тағдырына түкіргені ме? Әлде, сол баяғы «ұят» ұстанымы ма екен? С. атты азаматшамыздың оқиғасы осы қауімізді нықтай түседі.

– Менің жасым 30-да, екі қыздың анасымын. Менің өсіп келе жатқан бүлдіршіндерім бар болғаннан кейін, бұл мәселе қатты мазала-

ды. Балаларымның болашақтағы қауіпсіздігі үшін Instagram желісінде әдейі кішкентай қыздың рөлін ойнап, көптеген педофилдерді анықтадым. Өрқайсысына қарсы дәлел тауып, жергілікті полиция бекетіне келдім. Сол адамдардың аккаунтын беріп, оқиғаны қысқаша айтып шықтым. Оларды тауып, жазалауды, әлеуметтік желіде қадағалауды сұрадым. Ал маған: «Сіздің не басқа жұмысыңыз жоқ па? Басты қатырмай, балаларыңызды қараңыз» деп, шығарып салды. Бірінші кезекте полиция қызметкерлері бұл тақырыпты қолға алып, мәселені шешуге кіріспесе, оның қаншалықты ушығып кететінін елестету қорқынышты.

Әр ата-ана өз баласын қалай қорғай алады? Педофилдерден зардап шегетін балалардың көбісіне ата-ананың көз жасы, махаббаты, көңілі жетіспейді. Осындай сәтте бала педофилдің торына түссе, әке-шешесі бермеген мейірімге бөленіп, оны қиялында өзі қалаған ата-анасы ретінде қабылдайды. Әке-шешесін емес, сол адамды бедел санап, оның ауру фантазиясын шындыққа айналдыра бастайды. Педофил баланың осы күйін ұтымды пайдаланып, оның ақ парақтай таза психикасын бұзып, өзіне тәуелді етеді. Бір сөзбен айтсақ санасын улайды. Ал егер бала ата-анасының мейіріміне қанып өссе, олардың арасында ашық диалог болса, бала сырттан мейірім іздемейді. Ол педофилдің торына түссе де, ата-анаға деген жүз пайыз сенімі арқасында орын алған мәселе ересектерге тез арада мәлім болады. Ал одан кейін полиция қызметкерлері бұл ақпаратпен қандай іс-қимыл осы қауімізді нықтай түседі.

Данаян
АМАНГЕЛДИНА,
10-сынып оқушысы



Тар заманның нар тұлғасы И.Құтпанұлының өмір тарихы, заманы мен шығармашылығына қатысты зерттеу еңбектері, көркем туындылары, зерттеу мақалалары 3 кезеңге бөліп қарастырылады. Бұл кезеңді қамтитын уақыт төмендегідей:

бірінші кезең XX ғасырдың басынан бастап, 60-жылдарға дейінгі уақытты қамтиды.

екінші кезең – 1960 жылдардан кейінгі уақыт.

үшінші кезең еліміз тәуелсіздік алғаннан кейінгі уақытты қамтиды. И.Құтпанұлы 1990 жылдың маусым айында толық ақталды.

Иманжүсіп Құтпанұлы туралы архив деректері де, естелік материалдар да едәуір. Мәселен, Қазақ ССР Орталық Мемлекеттік архивінде Омбы губернаторлығының іс қағаздары ішінде Иманжүсіпке қатысты біраз документтер (276 бет) жатыр. Қазақ ССР Ғылым Академиясының сирек кездесетін қолжазбалар қорында Иманжүсіптің өлеңдері сақталған.

Батырдың өмір тарихы мен шығармашылығын зерттеудегі бірінші кезең өткен ғасырдың басынан бастап 30-жылдарға дейінгі уақытты қамтиды. Оған Ә.Қоңыратбаевтың, М.Әуезовтің, А.Затаевичтің, А.Жұбановтың жазғандары айғақ болып табылады. Бұл қатарға академик Қаныш Имантайұлы Сәтбаевтың есімін де атағанымыз ләзім.

Фольклорист-ғалым Әуелбек Қоңыратбаев «Шиелінің халық ақындары» атты зерттеу мақаласында, «Керуен» деген атпен жарық көрген деректі әңгімелер мен естеліктер кітабында Иманжүсіп Құтпанұлының өмірлік, серілік, ақындық қасиеттерін аша отырып, әңгіме желісіне айналдырады. Ал Қ.Сәтбаевтың Иманжүсіпке қатысты құнды пікірлері «Иманжүсіп» (құрастырған – Раушан Көшенова) атты кітапқа енген. Аталған кітапта ақтандық тұлғаның қилы тағдыры, батырдың көзін көрген көнекөз қариялардың айтқан естеліктері, сырлы да өр үнді өңдері жинақталған. Бұл еңбектің құндылығы, оның авторы жайлы Бағдат Лисова былай деп тілпат білдіреді: «Ақындар, қолбасшылар мен батырлардың, даналар, ғалымдар, жер жинаушылар мен қазақ мемлекетінің құрғандардың ұлы есімдері оралуда. Халайықты жинап, олардың Отанға деген рухы мен сүйіспеншілігін нығайтқандар туралы даланың әрбір шөбінің сабағы естіді, біз үшін тым қастерлі ата-баба есімдерінің сақталғаны да сондықтан, ал біздерге, олардың ұрпақтарына желдің не туралы ән салғанына, шөптің не жайында сыбырлағанына құлақ түріп, уақыт пен кеңістіктің аңызын буындап, түірлеп жинау ғана керек. Мұндай еңбек кез келгенге дес бермейді, бұл адами ерлікті жасауға кез келгеннің күші жетпейді, бірақ жігер, қайрат табылса, қолдан келеді, оған сөз жоқ».

Иманжүсіптану мәселесінің алғашқы кезеңінде ән, өнер зерттеушілерінің орны ерекше.

ТАР ЗАМАННЫҢ НАР ТҰЛҒАСЫ

Тұлғатану саласына үлес қоса отырып, Иманжүсіп жайында сыр ақтарған абзалдарымыз Сәкен Сейфуллин, Қаныш Сәтбаев, Әлкей Марғұлан, Сәбит Мұқанов, Жүсіпбек Елебеков, Мұхтар Әуезов, Ахмет Жұбанов, Александр Затаевич, Әбділда Тәжібаев, Евгений Брусиловский, Әуелбек Қоңыратбаев, Әбіш Кекілбаев, Мұхтар Мағауин, Қасым Аманжолов, Ғабдол Сланов, Қалижан Бекхожин, Оралхан Бөкеев, Мұзафар Әлімбаев, Шерхан Мұртаза, Төлен Әбдіков, Илья Жақанов, Зейтін Ақышев, Оразбек Сәрсенбаев, Кеңшілік Мырзабеков, Ақселеу Сейдімбеков, Қалихан Ысқақ және тағы басқалары. Қазіргі қазақ поэзиясының көшін бастап келе жатқан Қасымхан Бегманов, Ғалым Жайлыбай, Серік Тұрғынбековтердің өлең өрнегіне, соны тақырыбына айналған тұлғаның бірегейі осы – Иманжүсіп.



Ең әуелі А.В. Затаевич Иманжүсіптің көзі тірісінде «Қазақ халқының 1000 әні» (1925, 1963 ж.) еңбегіне оның 5 әнін (№117, 196, 217, 758, 840) кіргізді. Қазақ тілін білмеген зерттеуші бұл өңдердің нотасын жазған да, ән мәтінін келтірмеген. Иманжүсіп өңдерін орындаушылардың ішінде ең атақтылары Қ.Байжанов, И.Байзақов, Қ.Байсейітов болды. Қазақ радиосының «Алтын қорынан» Иманжүсіп Құтпанұлының 13 әні табылған. Орындаушылар: Рамазан Баймағанбетов, Ғалымбек Нұрғазынов, Қайрат Байбосынов, Жүсіпбек Елебеков, Мейіргүл Нұрмағанбетова, Жаппас Қаламбаев, Әмина Нұғманова, Сматай Үмбетбаев, Айтбек Нығызбаев, Ербол Айтбаев.

Иманжүсіптің өмірі мен шығармашылығын зерттеудің екінші кезеңі 1960 жылдардан кейінгі уақытты қамтиды. Батырды ату жазасына бұйырғанда оған төрт түрлі айып тағылады. Олар: бандашайқасының басшыларының бірі, көтеріліске жан-жақты мәліметтер жинақтаған, шайқастарға қатысқан және бандашайқаға мылтығын сатты деген айыптар. Ешқандай кінесі дәлелденбеген ақын осы айыптар бойынша атылған. Арада жиырма тоғыз жыл өткен соң, 1960 жылғы 25-ақпанда Жамбыл облыстық сотының шешімімен Иманжүсіп ақталған. Бірақ оның ісімен танысуға отыз жылдан кейін ғана рұқсат берілген. Иманжүсіптің аты-жөнін, артына қалдырған өңдерін айту осы уақыттан кейін басталады.

Жұмабай Орманбаев Иман-

жүсіптің көзін көрген, дәмдес-тұздас болған. Қаламгердің «Жұлдыз» журналында «Бір сапарға шыққанымда» деп аталатын Иманжүсіп пен Сәкен Сейфуллиннің достық қарым-қатынасы жайында мақаласы, 1972 жылы «Тұзақталған шортан» атты жинақта «Үлкен аға аузынан» деген атпен әңгімелері жарық көрді. Кейін «Бір сапарға шыққанымда» деген әңгімесі «Тұғыры биік тұлға» кітабында «Аяулы аға шылауында» деген атпен басылып шықты. Бұл әңгімелерде Иманжүсіптің көпқырлылығы, адами ізгі қасиеттері суреттеледі. Сонымен бірге, Жұмабай Орманбаевтың «Дала перзенттері» атты құнды қолжазбасы табылды. Жанры жағынан роман, көлемі – 500 бет. Романға Иманжүсіптің қилы да қиын тағдыры өзек болған. Роман баспа бетін көрмеген, болашақта жарыққа шығады.

Іле-шала жазушы Зейтін Ақышевтің Иманжүсіптің өмірі мен өнері жайлы жазылған романы оқырмандарға жол тартуға тиісті еді, бірақ саясаттың кедергісінен 1987 жылы ғана баспадан шығады. Бұған М.Әлімбаев, Р.Бердібаев, О.Сәрсенбаев сынды қаламгерлердің игі ықпалы тиді. Кезінде Ә.Тәжібаев Иманжүсіп пен Қажымұқанның достығы жайында жазған болса, Ақселеу Сейдімбек 1986 жылы атам турасында тың деректерді жариялады. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов өз өмірінде Иманжүсіп пен Құрманғазыны пір тұтып өткен. 1988 жылы «Парасат» журналында осы жайында Оразбек Сәрсенбаев көлемді мақаласын жарияла-

ды. Иманжүсіп Құтпанұлының өлеңдері ең бірінші рет «Бес ғасыр жырлайды» атты қазақ поэзиясының антологиясына енді. Осында белгілі журналист Керімбай Боранбаевтың да сіңірген еңбегін айт кету ләзім. Міне, осыдан бастап Иманжүсіпті

ақын дос», Ә.Қоңыратбаевтың «Иманжүсіп» мақала, әңгіме, естеліктері Иманжүсіпке арналады.

Жазушы Жұмабай Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан» және «Аяулы аға шылауында» атты мақалаларында сөз болған мәселе – Сәкен Сейфуллин мен Иманжүсіп Құтпанұлының достық қарым-қатынасы. Оқиға 1927 жылы болған. Республика астанасы Қызылорда қаласына Ұлы Октябрьдің он жылдық мерекесіне Сәкенді іздеп Иманжүсіп келеді. Әңгімелердің мақсаты – рухы биік, ел жадындағы елеулі азаматтардың достығы мен сыйластығын көрсету. Иманжүсіптің тұр-тұлғасы мен мінез қырлары авторлық баяндау арқылы беріледі. Осы тұста оның келбеті даралана елестейді: «Иманжүсіп зор, асқақ денелі кісі екен, содан ғой дедім, шартан нағыз тұлғасы кесек, жуантық емес сидалау, қапсағай көрінді. Қолмен қойғандай



зерттеу басталды деп айтуға толық негіз бар.

Өнердегі Иманжүсіп бейнесі мен өмірдегі Иманжүсіп өмірін сабақтастыра бейнелеуге ден қойылған мақалалар көптеп дүниеге келді. Жалпы алғанда, бұл мақалаларда Иманжүсіптің даралық келбетін нақты талдау басшылыққа алынған. Кейіпкердің тұр-пішінін, адами ізгі қасиеттері мен талантын сипаттау түрлі үлгіде беріледі. Кейде мақала авторлары Иманжүсіптің сырт кескін-келбетін, мінез ерекшеліктерін толық келтіреді, енді бір тұста оның бойындағы қасиеттерді екінші бір адамның көзімен бағалату – жазушы шеберлігінің бір қыры. Иманжүсіпке қатысты жазылған поэзиялық көркем шығармаларда батыр ерлік пен бостандықтың нышаны, жазықсыз жапа шеккен күрескер тұлға, бойындағы дарынын туған еліне бағыштаған сері ретінде сипатталып суреттеле, мақалаларда ел перзенті, кемелденген жастағы асқақ тұлға, жүйрік ат, алғыр тазы, қыран бүркітті серік еткен адам ретінде баяндалады. Журналист Ж.Орманбаевтың «Үлкен аға аузынан», «Аяулы аға шылауында», Ә.Тәжібаевтың «Палуан аға», Ғ.Слановтың «Сезімі өрен

“

Кезінде Ә.Тәжібаев Иманжүсіп пен Қажымұқанның достығы жайында жазған болса, Ақселеу Сейдімбек 1986 жылы атам турасында тың деректерді жариялады. Қазақтың біртуар ақыны Қасым Аманжолов өз өмірінде Иманжүсіп пен Құрманғазыны пір тұтып өткен

иегіне ғана біткен селдірлеу ұзынша сақалы, жебелі мұрты көк бурыл тартыпты. Жанары таймаған үлкен көзді, сәл шолақтау қыр мұрынды, ат жақты ашан қара сұр жүзді байсалды да ойлы тәрізді. Жырта қарыс салалы саусақтары жуан да сүйрік. Үстінде қара көк мауытдан сұлу тігілген бешпент, шалбар, аяғында әміркен кебіс-мәсі,

басында қара барқыт топы. Қоңыр күрең жібек барқыт шапаны мен баспа құндыз бөркі ілулі тұр. Ел аузында аңыз болып жүретін шежіре адамның алғашқы байқауда көзге түскен сырт көрінісі осы іспетті еді». Сол жылы Иманжүсіп алпыс жеті жаста екен. Бұл уақыттағы батырдың ермегі мен өмір серігі – ән, домбыра, жақсы ат, жүйрік ит, қыран құс. Осы сапарында олар жиналып, «Телікөл сапарына» шығады. «Үлкен аға аузынан» атты әңгімеде осы жайт сөз болады. Екі ағаның қасына Мұқажан, Әшірбек, Жұмабай деген жігіттер еріп шығады. Думанға толы сапар болады. Бірақ Иманжүсіп Қарәткелден кеткен соң өлеңді де өр мінезді де тастағанын айтады:

– Ұмытылып еді ғой бұл қызық, көңіл шіркін тоқырап, басылып еді ғой, – деді сүртініп тұрып.

– Сәкенжан, сол көңілді сен көтердің, басқа мәнде көтердің, семірдің, көңілім толды саған, шаршауды ұмыттым. Денеметң күш, сезім кірген тәрізді.

– Жүрген-тұрғандай емес, мен де қуанып қалдым, – деп Сәкен де серги сөйледі.

Иманжүсіп өмірінде кездескен жандардың ішінде ұнағаны да – Сәкен. «Иманжүсіпке Сәкен де ұнады. Жасым үлкен, өткендігім бар, ел-жұрт біледіні бұл қарттан естіп байқамайсыз. Көне қазақ Именкеңнің осы мінездерін Сәкен де қымбат бағалады. Бұл да өзіне тән осы қасиеттерімен Сәкенге ұшырасқан бір ғана кексе қазақ». Осы сапардан кейінгі кездесу, той-думандарда Сәкен мен Иманжүсіп кездесіп тұрады. Иманжүсіп көп кешікпей дүние салады. «Бұдан соң да Сәкен Иманжүсіппен болған жерлерден, оны білетін адамдардан, архивтен Именкең жөнінде көп материалдар жинаған еді. Бірақ нәсіп болмады. Сәкен Иманжүсіп жөнінде жазбақ үлкен еңбегін жарық көрсете алмай кетті». 1927 жылы С.Сейфуллин И.Құтпанұлын Қызылорда қаласында өтетін кеңес үкіметінің он жылдық мерейтойына шақырғаны – тарихта бар оқиға.

Осы заманғы қазақ поэзиясының аса көрнекті шебері, ірі драматург және белгілі әдебиет зерттеуші Әбділда Тәжібаев «Палуан аға» естелігінде Қажымұқан мен Иманжүсіп жайын сөз етеді. Ә.Тәжібаев ұзақ шығармашылық ғұмырында тынымсыз ізденіп, үздіксіз еңбектеніп, тұтас бір дәуір шындығын жан-жақты, жоғары көркемдікпен бейнелеген өте мол мұра қалдырды. «Палуан аға» әңгімесі 1977 жылы «Жұлдыз» журналының 12-санында жарияланған болатын. Әңгімеде Қажымұқанның Иманжүсіпті жоғары бағалап, құрмет тұтқаны туралы айтылады. Автор батырға былай деп баға береді: «Мәдиді айтмайсыз батыр деп, Иманжүсіпті де сол сапқа қосамыз. «Екі метр бойы бар, ат шыдамайды екен астына. Қырық кісімен жалғыз өзі қамшымен ғана төбелесіпті» десеміз. Бірақ бұлар да ең алдымен ақындық, әншілікпен тарихқа кірген кемеңгер жандар. Барлық махаббатын, отты жүрегін, ақ тілегін, алып қайратын туған халқына арнаған жандар».

«Қалың бет, бура түсті, қара нардай, Жұп-жұмыр жуан дінгек, бойшаң нардай. Өзге жұрт ергежейлі ол келгенде,

Айбынды жолбарысқа болар пардай» деп Сәкен Сейфуллин баға берген Қажымұқан «Именкеңнің қамшысын да жеген». Әңгімеде ол оқиға былай суреттеледі: «Қояндының базары қызып жатқанда бір кесір шалға тілім тиіп кетіпті.

Раушан ИМАНЖҮСІП,
философия ғылымдарының докторы

(Жалғасы бар)



ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫЛЫҚ — ӘРБІР АЗАМАТТЫҢ МІНДЕТІ

Біз мүлде жаңа қоғамда өмір сүріп жатырмыз. Жаңа қоғамның сипаты іскерлік болса, бұл жолда жетістіктеріміз де аз емес. Ал шешімі күрделі мәселелер де бар. Олардың бірі – сыбайлас жемқорлық. Сыбайлас жемқорлық әлеуметтік-экономикалық даму үдерісін, нарықтық экономиканың құрылуын, инвестициялар тарту процесін тежейді.

Демократиялық мемлекеттің саяси және қоғамдық институттарына кері әсерін тигізеді, елдің болашақ дамуына елеулі қауіп төндірді. Сол себепті, сыбайлас жемқорлықпен күресу үшін қоғамның барлық жігінің жүйелі түрдегі күш-жігері қажет.

Осы орайда, Астана қаласының Байқоңыр ауданында Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды іске асыру жөнінде жыл сайын тиісті шаралар мен жоспарлар жүзеге асырылады. Соның ішінде 2023 жылға арналған бірлескен іс-шаралар жоспарын атап өткіміз келеді.

Жоба аясында мемлекеттік органдар, құқықтық тәртіп, қоғамдық кеңестер, сарапшылар қауымдастығы, ардагерлер және басқа да УЕУ өкілдерінің қатысуымен кездесулер, пікірталас алаңдары, дөңгелек үстелдер ұйымдастыру және өткізіледі;

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Астана қаласы бойынша Департаментінің парақшалар мен сенім телефонының «1424» нөмірін тарату.

Жоба шеңберінде Мемлекеттік билік органдарының, қоғам мен жастардың өзара іс-қимыл мәселелерін өзектендіру мақсатында мемлекеттік басқару органдарының өкілдерімен диалог өткізіледі;

Астана қаласында «Сыбайлас жемқорлық фактісі туралы қалай мәлімдей аласыз?» брошюраларын тарату (жыл бойы);

Бұдан бөлек, ағымдағы жылдың екінші жарты жылдығына төмендегідей жұмыс жоспарлары әзірленуде:

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік карикатураға конкурс өткізіледі;

Сыбайлас жемқорлыққа қар-

сы іс-қимыл шеңберінде ашық алаңдар өткізіледі;

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпта бейнематериалдар әзірлеу;

Бірлескен іс-шаралар жоспарын іске асыруды ақпараттық сүйемелдеу жөніндегі медиа-жоспарды әзірлеу.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру мақсатында тұрғындармен тұрақты кездесулер, жеке қабылдаулар, аралау жұмыстары жүзеге асырылуда. Атап айтар болсақ, жыл басынан бері әр сәрсенбі сайын елордалық мәслихат депутаттары мен қалалық басқарма өкілдері, жергілікті атқарушы органдар мен тиісті мекеме басшылары, БАҚ өкілдерінің қатысуымен аудан тұрғындармен кездесулер өткізіліп келеді. Онда ауданның орталық бөлігінен бастап, тұрғын алаптарға дейін барлық кварталдар қамтылады. Аудан тұрғындарының өзекті мәселелерін тыңдап, тиісті шешім қабылдау мақсатында бастау алған бұл науқан қазіргі таңда «Ашық есік күнімен» жалғасуда. Айта кетейік, бүгінде ауданымыздың дамуы мен өзекті мәселелерді шешімін табуына белсенді тұрғындардың ықпалы жоғары. Олар ауданның белсенділері ретінде жергілікті тұрғындарды мазалаған түйткілді мәселелер мен олардың ұсыныс-пікірлерін жинақтап, жүйелі шешімін табуға септігін тигізіп келеді. Тұрғындармен бетпе-бет форматындағы «Ашық есік күні» бүгінгі күнге дейін жалғасуда. Бұдан бөлек, тікелей әр бөлімнің мамандарымен, аудан әкімі ретінде менің жеке қабылдауыма жазылып, тілдесіп, өз мәселелерінің шешімін таба алады.

Ауданды аралау, аралау ба-

рысында тұрғындардың ұсыныстарына құлақ асу – өте маңызды шаралардың бірі. Онда абағандыру, жарықтандыру, көгалдандыру, инфрақұрылым, санитарлық-тазалық, әлеуметтік салаға қатысты сұрақтар жиі келіп түседі. Бүгінде олардың тілге тиек еткен мәселелерін тиісті деңгейде шешу мақсатында бірқатар бағдарламалар да жүзеге асырылуда. Мәселен, «Халық қатысатын бюджет» бағдарламасы. Аталған бағдарлама аясында бүгінге дейін едәуір аулалар күрделі жөндеу жұмыстарынан өтіп, жаңа қалыпқа келді. Жарықтандыру жұмыстары да жүзеге асырылды. 2023 жылы аталған жобадан жеңіп шыққан 20-дан аса ауланы күрделі жөндеуден өткізу жоспарлануда. Қазіргі уақытта абағандырылып, пайдалануға берілген аулалар да бар. Айта кетейік, өткен 2022 жылы ауданда барлығы 55 аула алаңы жаңартылып, бірқатар аулаларда қосымша жөндеу-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» заңында сыбайлас жемқорлыққа мынадай анықтама берілген: бұл – «...жеке түрде немесе делдалдар арқылы мүлктік игіліктерді заңсыз алу және мемлекеттік қызмет атқарушы тұлғалардың, сондай-ақ оларға теңестірілген тұлғалардың өз лауазымдық өкілеттіктері мен өкілеттеріне қатысты мүмкіндіктері мүлктік пайда табу үшін жеке басына пайдалануы, сондай-ақ аталмыш тұлғаларға жеке және заңды тұлғалардың көрсетілген игіліктер мен жеңілдіктерді құқыққа қайшы түрде пара ұсыну жолымен сатып алу».

Сонымен қатар, 2023 жылдың I тоқсанындағы әкім аппаратымен

қызметтік әдеп нормаларын сақтау жөніндегі атқарылған жұмыстарды да назарларыңызға ұсынамыз.

Мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларында Қазақстан Республикасы заңнамаларының және Қазақстан Республикасы Президентінің 2015 жылғы 29 желтоқсандағы №153 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасы мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексінің (бұдан әрі – Әдеп кодексі) талаптарын сақтау мәселелері бойынша жеке консультативті көмек көрсетілді. Оның ішінде: мемлекеттік қызметшілерге, жеке және заңды тұлғаларға, азаматтардың жеке қабылдаулары, сондай-ақ, аралау кездесулер, мемлекеттік қызметшілердің қызметтік әдеп нормаларын бұзу фактілерінің алдын алу шаралары.

Әдеп кодексі және мемлекеттік қызмет, сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл салаларында Қазақстан Республикасының заңнамаларын сақтау бойынша түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қызметтік әдеп нормаларының сақталуын, сондай-ақ ұжымдағы моральдық-психологиялық ахуалдың жай-күйін мониторингтеу мақсатында жүргізілетін анонимді сауалнама жүргізілді.

Кез келген өркениетті қоғам үшін сыбайлас жемқорлықпен күрес өзіне өзі мәселелердің бірі болып табылады. Сыбайлас жемқорлық мемлекетті ішінен жоюдың бастамасы мен жетістіктерді жоққа шығаратын, ұлттық қауіпсіздікке қауіп-қатер әкелетіндігі күмәнсіз. Сондықтан да Қазақстан Республикасының мемлекеттік саясатының негізгі басымдылығының бірі болып осымен күресу болып табылады. Сыбайлас жемқорлықпен күресу – барлық Қазақстан Республикасы азаматтарының борышы.

Ерлан ЖАУЛЫБАЕВ,
Байқоңыр ауданының әкімі

Әнші болу – бала кезімдегі арманым. Бірақ ән айтып сахнада жүру маған бұйырмаса да, сахнада жүрген қаншама жас әншіге дәріс беріп, оларды халыққа таныту – менің міндетім.

ӘН ҚАНАТЫНДА



Сонғы үш жыл бойы елордадағы №2 өнер мектебінде эстрадалық вокалдан дәріс беремін. Табиғи таза дауысы бар шәкірттердің саны жыл сайын артып келеді. Бүгінде олар қалалық, облыстық, республикалық, халқаралық байқаулардың жүлдегері атанды. Мысалы, «Қазақстан дауысы», «Славян базары», «Новая волна», «Бақытты бала» секілді байқаулардың лауреаттары болған үздік шәкірттеріміздің қатарында Ерсултан Омар, Айғаным Амантай, Айкерім Тілеубек, Нұршуақ Болат бар.

Оқу жылы аяқталғанымен, оқушыларым маусым айы бойы жазғы лагерьде, әр демалыс күндері қалалық саябақтарда өнерін көрсетіп шыңдалуда.

Сондай-ақ №2 өнер мек-

тебінің өзге де шәкірттеріне дәріс беріледі. Шәкірттер мектепте сүйіп таңдаған мамандығымен қоса, соль-феджио, фортепиано, хор, музыка, әлем және қазақ әдебиетінен де білім алады. Жазда гаджетке телмірген, үйде қараусыз қалған балалардың бос уақыты көп. Сондықтан олардың бойында қандай да бір ерекше қабілеттерді байқап, қайбір салаға бейімі барын ата-аналар бәу баста ұғуы тиіс. Ал болашағы жарқын, өздеріне сенімді, ән айтамын деушілерді өнерге баулу, дауыстарын қалыпқа келтіру, оларға қолдау көрсету – ұстаздар қауымының парызы.

Рая ОРАЗБАЕВА,
эстрада-вокал сыныбының ұстазы

СУҒА ТҮСКЕНДЕ САҚ БОЛЫҢИЗ!

Жаздың ыстық маусымы басталысымен қалалықтар жағажайға асығады. Жыл сайын қала аймағында және айналасындағы өзен-көлдерде қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтамай шомылғандар суға батып, қаза табады. Елордалық ТЖД Азаматтық қорғаныс басқармасының бастығы Азамат Құсайынов қауіпсіздік ережесін қалай сақтау керектігі туралы онлайн-брифингте әңгімелеп берді.



Күн сайын құтқарушылар, полицейлер, еріктілер және жұмыспен қамту орталығының қоғамдық қызметкерлері тұрғындарға шомылуға рұқсат етілген орындар туралы хабардар етеді. Судағы қарапайым қауіпсіздік ережелерін сақтау арқылы шомылу кезеңін қауіпсіз өткізуді белсенді жүргізетін рейдтік іс-шаралар өткізеді.

«Рейдтік іс-шаралардың барысында Полиция департаментімен

бірлесіп, 14 әкімшілік хаттама жасалды. Елордалық құтқарушылардың күшімен шомылу маусымы басталғаннан бері шомылуға рұқсат етілмеген учаскелерде 3 адам аман-есен құтқарылды, оның ішінде 1 бала бар» деді А.Құсайынов.

Ол өз сөзінде ресми түрде шомылуға арналған 4 орын бар екенін айрықша атап өтті. Олар: Орталық жағажай, «Три песчары» демалыс аймағы, «Столичный

двор» және Ш.Бейсекова көпірі ауданындағы коммуналдық жағажай.

Су айдындарының рұқсат етілген және тыйым салынған учаскелерінің тізбесі «2GIS» картографиялық платформасында орналастырылған.

«Шомылу кезеңінде күнделікті 40 құтқарушы, 2 бірлік сүңгуірлік жарақтары бар сүңгуірлер, 6 бірлік жүзу құралдары және Жұмыспен қамту орталығынан

25 қоғамдық қызметкерлер рейд жұмыстарын жүргізеді» деді спикер.

Шомылу кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтау керек. Шомылудан бұрын көлеңкеде 5-10 минут күткен дұрыс. 20 минуттан артық жүзуге болмайды. Қатты салқындаған кезде дененің құрысуы пайда болуы мүмкін, тыныс алудың тоқтауы, адамның есінен тануы да салқындағанда болады. Арнайы жабдықталмаған жерлерде суға секірмеу керек. Басыңызды су түбіндегі тасқа немесе басқа затқа соғып алуыңыз мүмкін. Алысқа жүзбеңіз, өйткені сіз өз күшіңізді есептей алмайсыз. Шаршағаныңызды сезінсеңіз абдырап қалмаңыз және жағаға тезірек жетуге ұмтылмаңыз. Суда кішкене демалып, арқаңызға бұрылып, қолдарыңыз бен аяқтарыңыздың жеңіл қозғалысымен өзіңізді судың бетінде ұстаңыз.

Егер ағыс алып кетсе, қарсы жүзуге тырыспаңыз. Ағыспен төмен қарай жүзіп, біртіндеп жағаға жақындаңыз. Егер ағыс иіріміне тап болсаңыз, терең дем алып, суға сүңгіп, бір жағыңызға қарай күшті серпіліс жасап, су бетіне қалқып шығыңыз. Сіз арнайы белгіленген жерлерде шомылуыңыз керек, қайықтарға жақындауға болмайды. Бойламайтын, терең суда ойнамаңыз, қатер болмай, жалған дабыл бермеңіз.

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

«Intellectual generation» ЖШС жекеменшік мектеп жан басына шаққандағы нормативтік қаржыландыру шеңберінде мемлекеттік білім беру тапсырысын алушы болып табылады. Ата-ананың төлемі жылына 1200 АЕК-тен аспауы керек (2023 жылы – 4 140 000 теңге). Ата-ана төлемі асып кеткен жағдайда «Қаржы орталығы» АҚ-на хабарласуыңызды сұраймыз. **Сенім телефондары: 8 7172-695-037, 8 7172-695-058.**

ХАБАРЛАНДЫРУ

«Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ «Ш.Айтматов көшесінен Қорғалжын тас жолына дейінгі учаскеде Қ.Мұхамедханов көшесінің құрылысы. Қ.Мұхамедханов көшесінен Е371 көшесіне дейінгі учаскеде Е182 көшесінің құрылысы» жұмыс жобасына ықтимал әсерлер туралы есеп бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігі туралы хабарлайды.

Қоғамдық тыңдаулар 2023 жылғы 29 тамызда сағат 11:00-де Астана қаласы, Есіл ауданы, «Пригородный» тұрғын алабы, Сарытоғай көшесі, 9/1 ғимаратында (Мәжіліс залы) өтеді. Сондай-ақ Zoom платформасында бейнеконференция жолымен онлайн режимде қоғамдық тыңдаулар өткізетіндігін хабарлайды. Белсенді сілтеме бірыңғай экологиялық порталда (БЭП) <https://ecportal.kz> ұсынылады.

Жобаға тапсырыс беруші: «Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасы» ММ, Абжанова А., тел.8702 263 5649, ықтимал әсерлер туралы есепті әзірлеуші: «Жумабеков А.Т.» ЖК., Астана қ., Қошқарбаев д., 11 ү., пәтер 2, тел.: +7 7011212588.

Жобаның мақсаты: «Астана қаласының Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының электронды мекенжайы (uoosir@astana.kz, әзірлеуші – azim.han@mail.ru) бойынша қабылданады.

Аманғали
ҚАЛЖАНОВ

(Соңы. басы 1-бетте)

Астана қаласы әкімінің орынбасары Есет Байкен жиналған қауымды елорданың 25 жылдық мерейтойымен құттықтай келе, БАҚ-тың бас қаланың тыныс-тіршілігіндегі алатын үлкен орнына тоқталды.

– Тарихқа көз жүгіртсек, дәл 25 жыл бұрын Ақмола қаласында бар-жоғы 20-ға жуық бұқаралық ақпарат құралы жұмыс істеген екен. Қазір елордамызда 640-тан астам БАҚ халыққа қызмет көрсетуде. Соның ішінде 30-дан астам телеарна болса, 490-нан астам баспа басылымы, 137 интернет басылымы тіркелген. Бүкіл еліміздің жаршысы елордамызда шоғырланып, мемлекеттік қызмет, елордамыздың тыныс-тіршілігі, Үкіметтегі жаңалықтар қамтылады. Өзіміздің қызметімізде осы салаға көңіл аудару – басты міндеттеріміздің бірі. Осыған дәлел Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев өзінің бір сөзінде бұқаралық ақпарат құралдары елімізде мемлекет тарапынан ерекше назар аударатын сала екенін, өз ісінің майталмандары, журналистер әрдайым қолдауға ие болатынын атап өткен, – деді Есет Байкен.

Қала басшысының орынбасары байқаудың мақсаты жайында айта келе: «елордамыз туралы ерекше мақалалар шықсын, елордамыздың тыныс-тіршілігі, даму үрдісі, тарихы, қызықты тарихи сәттер жарық көрсін деп ойладық. Бұл байқау бір жарым ай бұрын жарияланды. Күткенімізден артық нәтижеге қол жеткізіп отырмыз, 100-ден астам өтінім келіп түсті. Бір жұмыстың бір жұмыстан артықшылығы көп, кемі жоқ. Үздіктерді таңдау қиына түсіп, қазылар алқасының құрамында журналистика саласының майталмандары болды. Менің ойымша, әділ шешім шығарылды. Таяуда ғана өткен «Тұмар» байқауының нәтижелерін есептей келе, біздің байқаумен сабақтастырып, ортақ нәтижеге қол жеткіздік. Бұл байқау елордамыздың асынан асып, өңірлердің журналистері де қатысып, топ жарды. Осы мерейтойлық байқау жалғасын тауып, дәстүрге айналады деген ойымыз бар» деді.

Мемлекет және қоғам қайраткері Қуаныш Сұлтанов журналистиканың өткені мен бүгін туралы айта келе, қазіргі БАҚ артықшылығын сөз етті.

– Журналистиканың әр дәуірге, әр заманға байланысты өсіп-өркендеу кезеңдері болып, ежелден өзіне тән өткірлікпен, шынайылықпен, сапа мен



ЖҮЗДЕН ЖҮЙРІК ЖУРНАЛИСТЕР

қоғам мәселесіне белсенді араласып келе жатқан ең бір өзекті сала. Бүгінгі журналистика, баспасөз, бұқаралық ақпарат құралдарының жұмысы мен өрісіндегі басты құндылығымызды айтсам, мемлекеттік, ұлттық тәуелсіздігіміздің арқасында, рухани еркіндігіміздің арқасында өрісіміз кең, өреміз биік, бет-жүзіміз ашық жаңа ұрпақпен бірге жаңа Қазақстанның өсуіне куә болып, соның бел ортасында келе жатырмыз, – деді Қуаныш Сұлтанов.

Жүзден жүйрік шыққан журналистерді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Ерлан Каналимов, «Қазақ газеттері» ЖШС бас директоры, белгілі ғалым, академик Дихан Қамзабекұлы,

Ақпарат және қоғамдық даму министрінің орынбасары Эльдар Толғанбаев, «Хабар» Агенттігі» АҚ басқарма төрағасы Берік Уәли, белгілі радио және тележурналист Қымбат Досжан марапаттады.

Жалпы аталмыш байқауға жеті аталым бойынша барлығы 100-ден астам үміткер материалдарын ұсынды. Топ жарған журналистердің арасында «Elorda Aqparat» ЖШС-іне қарасты «Астана ақшамы», «Вечерняя Астана» газеті редакцияларының және Elorda.info сайтының қызметкерлері болды.

Атап айтқанда «Үздік журналист-сарапшы» аталымында бірінші орынды Гүлшат Сералы («Астана ақшамы»

газеті) иеленді. «Вечерняя Астана» газетінің тілшісі Максим Удод осы аталымда үшінші орынды алды, ал екінші орын «Егемен Қазақстан» газетінің штаттан тыс тілшісі – Арнұр Асқарға бұйырды.

«Үздік фоторепортаж» аталымында «Астана ақшамы» газетінің фототілшісі Сұлтан Сейіт үшінші орын жүлдесін Ерлан Омаровпен («Егемен Қазақстан» газеті) бөлісті. Бұл аталымда бірінші орын Шүкір Шахайдың, екінші орын Владислав Водневтің қанжығасына байланды.

«Әлеуметтік желідегі Астананың 25 жылдығы туралы үздік материал» арнайы аталымында Elorda.info сай-

тындағы әріптесіміз Салтанат Жақыпова үшінші орынды иеленді. Екінші орынды Ренат Тәшкенбаев алса, бірінші орынды белгілі журналист Қайнар Олжай жеңіп алды.

Басқа аталымдардағы жүлделер төмендегідей бөлінді:

«Үздік шолушы» – 1-орын – Назира Балташева («Голос народа» ақпараттық агенттігі), 2-орын – Әбубәкір Смайылов («Жас қазақ» порталы), 3-орын – Әйгерім Мұсатаева («Liter.kz» сайты);

«Үздік радиорепортаж» – 1-орын – Дулат Абибуллаев («Қазақ радиосы»), 2-орын – Раушан Сыбанжанова («Халық радиосы»), 3-орын – Азамат Тілепов («Қазақ радиосы»);

«Үздік телесюжет» – 1-орын – Марк Брюшко («Жібек жолы» телеарнасы), 2-орын – Ғабит Бөкенбай («Qazaqstan» телеарнасы), 3-орын – Динара Әбдірова («24 kz» телеарнасы);

«Үздік мобилограф» – 1-орын – Ұлан Әбішев («Қазконтент» АҚ), 2-орын – Әйгерім Ержанова («Евразия» бірінші арнасы), 3-орын – Абай Уахит («Аманат» партиясы);

Бірінші орынға – 1 000 000 теңге, екінші орынға – 500 мың теңге, үшінші орынға – 300 мың теңгенің сертификаты тапсырылды. Марапаттау шарасы музыкалық номерлермен көркемделіп, Музыкалық жас көрермен театрының әртістері, Зарина Омарова, Досымжан Таңатаров, Айдар Жұмабай, Алтынбек Әбілда мен Әйгерім Аманжолова өнер көрсетті.

АҒЫМБАЕВТАР МҰРАСЫ – «НАЗ» ТАРИХЫ

Астана қаласы Мемлекеттік архивінің ұйымдастырумен қала әкімдігінің «Наз» мемлекеттік би театрының негізін қалаушылар, Қазақстанның Мәдениет қайраткері Еркебұлан Ағымбаев пен театрдың көркемдік жетекшісі – бас балетмейстері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Қадиша Ағымбаеваның отбасылық архив қорын тапсыру іс-шарасы өтті.

Астана қаласы Мемлекеттік архиві директоры Берік Төребеков бұл істің келешек ұрпаққа мәні зор екенін, Астана қаласының Мемлекеттік архиві қорлары үшін аса құнды дереккөзі болып есептелегінін атап өтті.

– Сарыарқа төсіне елорданың көшуіне барлық сала мамандары атсалысты. Өнер адамдары да сырт қалған жоқ. Еркебұлан, Қадиша Ағымбаевтар – Астананың мәдениетін көтеруге, оның ішінде хореография саласын дамытуға білек сыбана кіріскен азаматтар. Тыңнан түрен салып, жаңа бағыт, үлкен ізденістерге барды. «Наз» би театры – тек ел ішінде ғана емес, дүниежүзін аралап, бірнеше мемлекетке



гастрольдік сапармен барып, қазақтың ұлттық би өнерін паш еткен кәсіби ұжым. 1998 жылы іргетасы қаланған театрда бүгінде театрмен құрдас өнерлі жастар еңбек етуде. Ширек ғасыр бойы бұл ұжым биік белестерді бағындырып келеді. Келешекте ғалымдар би өнерін зерттегенде, «Наз» театры туралы ғылыми жұмыстар жазғанда, мұрағаттан тауып алары сөзсіз, – деді педагогика ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбегі сіңген қайраткері Тілеуғали Қышқашбай.

Іс-шарада Еркебұлан Ағымбаев «Наз» театрының құрылу тарихын еске алды. Ал Қадиша Ағымбаева театр репертуарында би қойылымдарынан бөлек, бірнеше хореографиялық спектакль барын айта келе, республикамызда қаншама би ұжымы болса да, «Наздың» өзіндік қолтаңбасы қалыптасқа-

нын, осы күнге дейін театрда билеген бишілер саны 200-ден асқанын, соның ішінде өз мектептерін ашқандар бар екенін айтты. «Наз» мемлекеттік би театрының архивісі, Архив саласының үздігі Зайра Хабдулина архивке тапсырылған материалдар «Ағымбаевтардың отбасылық қоры» деп аталғанмен, тұтастай «Наз» мемлекеттік би театры тарихы мен өнері туралы сыр шертетінін атап өтті. Астана қаласы Мемлекеттік архиві ғылыми-зерттеу және ақпараттық жұмысы қызметінің басшысы Ғазиза Исахан Астана қаласының құрылу тарихы бас қаланың өнер ұжымдары тарихымен ажырағысыз екенін айтты, Еркебұлан мен Қадиша Ағымбаевтардың құжаттары арқылы «Наз» мемлекеттік театрының тарихын да білуге болатынын жеткізді.

Толқын СҰЛТАН